



ҒЫЛЫМСЫЗ ДАМУ ЖОҚ



Қазақстанда ғылымды дамыту – жай ғана даму басымдығы емес, ұлттық қауіпсіздік пен егемендіктің тірегі. Біз ғылымды дамытпай, индустрияны, ауыл шаруашылығын, тіпті, цифрлық экономиканы да ілгерілете алмаймыз.

(Жалғасы 4-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – ҮМІТ. ЖАУАПКЕРШІЛІК. СЕНІМ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру – бүгінгі қоғамның басты бағдары. Бұл қағида халық пен билік арасындағы ашық диалогты қалыптастырып, елдегі мәселелердің дер кезінде шешімін табуына жол ашады. Күні кеше елордада жұмысын бастаған үш дербес кассациялық соттар да – халық тілегінің нәтижесі.

«Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген тәмсіл халық пікірінің қашанда маңызды, бағалы екенін аңғартса керек. Кассациялық соттарды құруға да ең алдымен «таңдап қарайтын» кассация әдісіне қатысты көпшіліктің ұсыныс-тілегі негіз болды. Осылайша азаматтардың орынды уәждеріне орай Президент құзырлы органдарға тапсырма жүктеп, кассациялық соттың тиімді моделін қарастыру керектігін алға тартты.

Азаматтардың таңдап қарайтын кассацияға байланысты реніш білдіруі орынды екенін Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев те атап өтті. Ақпарат өкілдеріне берген сұх-

батында төраға «Жоғарғы Соттың жұмысына наразылықтың себебі өте қарапайым: алдын ала електен өткізу нәтижесінде істердің тек 5 пайызы ғана алқалы құрамда қаралған. Мысалы 2022–2024 жылдары қылмыстық істер бойынша 15 мың өтінішхаттың алдын ала қаралғаннан кейін бар болғаны 535-і немесе 3,5 пайызы кассациялық алқаға берілді. Азаматтық істер бойынша жағдай біршама жақсы. Мұнда алдын ала қарау нәтижесінде 31 мың өтініштің 1 688 немесе 5,4 пайызы кассациялық тәртіппен қайта қаралған» деп шынайы статистиканы көрсетті.

Жалпы кассациялық соттың бүгінгі моделін

дайындап, жаңа үш соттың құрамын жасақтау, судьялардың алаңсыз жұмыс істеуі үшін жайлы, қауіпсіз ғимараттар дайындау оңай шаруа емес. 1 шілдеде кассациялық соттардың ашылуына орай ұйымдастырылған салтанатты шара жаңа бастаманы жүзеге асыруда үлкен еңбектің жасалғанына көзімізді жеткізді. Кассациялық соттардың төрағасы мен судьяларын таныстырып, жұмыстарына сәттілік тілеген Асламбек Мерғалиев жаңа соттардан халықтың үлкен үміт күтіп отырғанын, сондықтан әр судьяға жүктелер жауаптылықтың жоғары екенін жеткізді. Республикадағы тәжірибесі шыңдалған, кәсіби біліктілігі зор судьялар іріктелген бұл соттардың өзіне артылған сенімді толық ақтарына күмәніміз жоқ.

Расында жаңа құрылымның жұмысында жаңашылдық аз емес. Ең алдымен кассациялық соттар бұрынғыдай таңдап қарайтын кассация әдісімен емес, жаппай, үздіксіз қарайтын кас-

сация әдісімен жұмыс істейді. Әр іс үш судьядан тұратын алқаның таразылауымен, тараптарды қатыстыра отырып қаралатындықтан, бұл сот жүктемесін айтарлықтай арттыратыны анық. Сондай-ақ істерді қараудың мерзімі де шектеулі. Ол алты айдан аспауы тиіс. Мұның барлығы азаматтардың әуре-сарсаңға салмай, сапалы сот шешіміне қол жеткізуі үшін керек.

Кассациялық сот істі мәні бойынша қарамайды. Занды күшіне енген сот актілеріне қатысты шағымдардың заңдылығы мен негізділігін тексеру мақсатын көздейді. Ең бастысы, бұл сот бірыңғай сот практикасын қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Бұл құқық қолданудың тұрақтылығы үшін аса өзекті. Кассациялық сот бірыңғай тәжірибе қалыптастыруға күш салатындықтан, бұл әр іс бойынша азаматтардың болжамды ой қорытуына, өз қадамдарын саралауына жол ашады. Осылайша кассациялық соттар өз құқығын қорғай алатын, өз әрекетін саралай алатын азаматтар қатарын көбейтуге де ықпал етпек.

Бүгінде жаңа бастаманың тиімді тұстарын халыққа жеткізу мақсатында ақпараттық-насихат жұмыстары кең көлемді жүргізілуде. Себебі халық талабына сай қолға алынған кассациялық соттар халық игілігіне қызмет етуі керек.


Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының
төрағасы

5-бет



**Патриоттық тәрбиедегі
жаңа белес**

6-бет



**Агроомеркәсіптік кешенді
дамыту – бүгінгі меже**

8-бет



**Ең үздік қымыз
өндірушілер анықталды**

КИЕ

Қазақ тілінің әкімшілік сот ісін жүргізуде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 1-бабына сәйкес, егер осы кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, Азаматтық процестік кодекстің ережелері қолданылады. Сот ісін жүргізу тілін белгілеу тәртібі ҚР Азаматтық процестік кодексінің 14-бабында нақты көрсетілген.

АРЫЗ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕТІК БІЛЕТІН ТІЛІНДЕ ӨЗІРЛЕНУ КЕРЕК

Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сол бір азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы. Егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады. Осылайша, арыз сотқа қайсы тілде берілсе, сот істі сол тілде қарауға міндетті. Әкімшілік рәсімге, әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысушылар сотта ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге, аудармашының көрсетілетін қызметтерін пайдалануға құқылы. Сот практикасынан көрінгендей әкімшілік іс бойынша құқықтық көмек беретін адвокаттар мен заңгерлер талап қоюды көбіне орыс тілінде әзірлейді. Өкілдері талапты сотқа орыс тілінде береді, ал сотқа келген талап қоюшы сот процесі кезінде орыс тілінде ойын еркін жеткізе алмай, қазақ




Асылхан АБИЛГАЗИНА, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

тілінде түсініктеме беруге тілек білдіріп жататын кездері болады. АПК-нің 14-бабы 2-бөлігінде көзделген ережелер түсіндірілсе де, көп жағдайда азаматтар сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқықтарын қолданбайды. Сондықтан, кәсіби құқықтық көмек көрсетуші заңгерлер сотқа берілетін арызды талап қоюшының өзі жетік меңгерген тілде әзірлесе деген тілек бар.

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

ПРОЦЕСТІ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ ӨТКІЗУ – ОҢ ШЕШІМ

Сот жүйесінде сандық жүйенің артықшылығы сотқа жүгінушілердің уақыты мен қаржысын үнемдеуге жол ашты. Санаулы уақыт ішінде іске қосылған бірқатар ақпараттық жүйелер мен сервистер сот қызметтерін оңтайландырып берді. Атап айтсақ, бүгінде «Төрелік» ақпараттық жүйесі, соттардың веб порталдары, «Сот кабинеті» сервисі, электрондық тарату жүйелерінің қызметтерін көпшілік пайдалануда.



Одан бөлек, сот отырыстарының онлайн өткізілуі санаулы уақыттың ішінде бүкіл қоғам үшін тиімділігін көрсетіп берді. Осы орайда, өткенге шегініс жасасақ, дүние жүзін қауіпті дерт коронавирус індеті жайлап, таралуына байланысты әлем елдерінің сот ғимараттары жабылып, уақытша жұмысын тоқтатқан еді. Ал, Қазақстанның барлық соттары қашықтықтан жұмыс түріне көшті. Осы сәтте сот отырыстарын қашықтықтан өткізу жұмыстары қарқын алып, сандық жүйенің қолданысын арттыру жаппай жүзеге асырылды. Әсіресе, бұл қаладан шалғайда жатқан ауыл-аймақ тұрғындары үшін тиімді болып отыр. Статистикалық деректерге көз салсақ, 2024 жылы елімізде жалпы саны 1 115 150 іс қаралған болса, оның 610 774-і офлайн форматта, ал 504 376-сы, яғни 45%-ы онлайн режимде өткен екен.

Қазіргі уақытта облыстағы сот процестерінің басым бөлігі адамдардың қатысуынсыз онлайн түрде өткізілуі сот процестерінің «сиырқұйымшақтануының» алдын алады десек қателеспейміз. Себебі, «Айшылық алыс жерлерден, көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызған» мынау заманда онлайн сот отырысына қатысу үшін

компьютер, ноутбук, планшеттен бөлек, қолыңыздағы смартфонның өзі жеткілікті. Әрине, интернет желісінің нашарлығына байланысты онлайн сот отырысы барысында дауыстың дұрыс естілмеуі немесе сот процесіне уақытылы қосыла алмау және т.б. мәселелер кездесіп жатады. Сондықтан, онлайн сот процесінде мұндай олқылықтар орын алмауы үшін ең бастысы тараптар да интернеттің сапасын бақылауға алып, құрал-жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін қадағалауы қажет.

Сонымен қатар, елімізде тікелей эфирде сот процестері ашық көрсетіле бастағанын айтып өткен жөн. Бұл судьялар мен прокурорларға талапты күшейтіп, қарапайым азаматтардың құқықтық сауатын арттырды. Ал, сот процестерінің дыбыс-бейнежазбаға таңбалануының арқасында қағазсыз құжат айналымы қалыптасып, соттардың жұмысы оңтайланды.

Қорыта айтсақ, тиімді реформалар еліміздің әрбір азаматының сот арқылы мәселесін кедергісіз шешуіне толық жағдай жасап келеді.

Гүлшат САХАНОВА,
Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

БІЛГЕН ЖӨН

ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚТЫ ТАҢДАУ ТАЛАПКЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 107-бабына өзгерістер 2025 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді. Соған сәйкес іс соттылығына жататын бірнеше сот арасындағы таңдау талап қоюшыға тиесілі болады.

Талап қоюшы, осы кодекстің 102-бабының үшінші бөлігіндегі, 103-бабындағы, 105-бабының бірінші бөлігіндегі, 106-бабының екінші және үшінші бөліктеріндегі тәртіппен қаралуға жататын істерді қоспағанда, әкімшілік іс сот отырысында талқылауға тағайындалғанға дейін эксаумақтық соттылықты, оның ішінде соттың іс жүргізуіндегі әкімшілік істер бойынша да таңдай алады.

Осылайша, ӘРПК-нің 107-бабына сәйкес талапкер эксаумақтық соттылықты таңдай алады, оның ішінде соттың іс жүргізуіндегі әкімшілік істер бойынша, әкімшілік іс сот отырысында талқылауға тағайындалғанға дейін.

ЭС мынадай жағдайларда қолданылмайды:

- Астананың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 27-бабының 1-2-бөлігінде аталған инвесторлардың әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың әкімшілік актілеріне, әкімшілік әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау жөніндегі талап қоюы бойынша (ӘРПК-нің 102-бабының 3-бөлігі).

- Әскери соттар, егер әскери басқару органдары, әскери бөлім жауапкер болып табылса, мамандандырылған басқа соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, ҚР Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың әскери қызметшілерінің, әскери жиындардан өтіп жүрген азаматтардың талап қоюлары бойынша (ӘРПК-нің 103-бабы).

- ҚР Жоғарғы Соты бірінші саты-

дағы соттың қағидалары бойынша ҚР Орталық сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне, Орталық референдум комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне дау айту туралы істер бойынша (ӘРПК-нің 105-бабының 1-бөлігі);

- Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде шығарылған әкімшілік акт Астананың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында қаралуға жатады (ӘРПК-нің 106-бабы 2-бөлім).

- Электрондық құжат нысанында шығарылған әкімшілік акт талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша қаралады (ӘРПК-нің 106-бабының 3-бөлігі).

Талап қоюшының эксаумақтық соттылықты қолдану туралы арызы болмаған кезде судья ақылға қонымды мерзімде келіп түскен әкімшілік іс бойынша соттың іс-әрекеттері және алдын ала тыңдау тағайындау туралы ұйғарым шығарады, онда талапкерге аумақтан тыс соттылықты қолдану мүмкіндігі туралы түсіндіреді.

Эксаумақтық соттылықты таңдау талапкердің құқығы, бұл ретте жауапкердің келісімі талап етілмейді. Алайда, талапкер бір іс бойынша эксаумақтық соттылықты бір реттен артық қолдана алмайды, сондай-ақ қалаған сотты өз бетінше таңдауға құқылы емес.

Осылайша, эксаумақтық соттылық талапкерге, мысалы, жауапкердің орналасқан жері талапкердің сот төрелігіне қол жеткізуін қиындататын жағдайларда немесе басқа себептермен соттылықты өзгертуге мүмкіндік береді.

Мәселен, Қарағанды облысының



Бақытгүл СҮЛЕЙМЕНОВА, Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты 2025 жылдың наурызы мен маусымы аралығындағы кезеңде 3 әкімшілік істе эксаумақтық соттылықты қолданды: Мысалы, «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-не ЖШС-нің нұсқаманың күшін жою туралы талабы бойынша; «Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-не ЖШС-нің жазатайым оқиға бойынша Мемлекеттік еңбек инспекторының қорытындысын заңсыз деп тану және күшін жою туралы талабы бойынша; жеке тұлғаның сот орындаушыға тыйым салынған мүлікті бағалау жөніндегі маманның қатысуы туралы қаулының күшін жою туралы талабы бойынша.

ПІКІР

АЛТЫН ҰЯҢ – ОТАН ҚЫМБАТ

Әр адамның өмірінде туған елінің алар орны ерекше. Себебі ол сол топырақта шыр етіп дүние есігін ашты, алғашқы қадамдарын басты, білім алды, ер жетті, азамат атанды.

Халқымыз: «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» дегендей, оның әр тау-тасы, өзен-көлі мен ну тоғайы жанына ең жақын, ең ыстық. Қазыбек би: «Алтын ұяң – Отан қымбат, туып өскен елің қымбат, кіндік ескен жерің қымбат» деп туған жердің қасиетін текке ерекше бағаламаған. Біздің киелі мекеніміз – тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан бүгінде зайырлы, құқықтық, демократиялық елге айналған жас мемлекет. Әлемге

еркін азаматтық қоғамы, пәрменді заңы бар ел ретінде танылды. Ел заңдары халық талабына, уақыт ырқына қарай жаңарып, жаңғырып отырады. Құқықтық елде адам құқығы да алдыңғы орында. Ел заңдары азаматтарының барлық құқығын теңестірген, өз халқын қорғайтын Ата Заң – Конституциясынан бастау алады. Ендеше, ел тұғыры әрқашан биік болары сөзсіз.

А.СУЕУОВА,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

14,6 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы ұстанған «Әділетті Қазақстанда» тұтынушылар құқығы әрдайым басты назарда болады. Сол себепті бұл бағытта жергілікті атқару органдарында барлық аймақта арнайы департаменттер жұмыс жасайды. Мәселен, 2025 жылдың 6 айында Жамбыл облысының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне 742 өтініш келіп түсіпті. Яғни, 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда биыл өтініштер саны 214-ке немесе 40,5 пайызға ұлғайған. Өтініштердің 580-і тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында болып отыр. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 135-ке артық. Департаментке келіп түскен жазбаша өтініштердің 466-ның 82-сі мамандар мен азаматтарды қабылдау, төртеуі басшымен азаматтарды қабылдаудан, 160-сы жедел желі телефонына қоңыраудан, 30-ы жеделхат арқылы түсті.

Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысы орынбасары Байқадам Дүйсенбаевтың айтуынша, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өтініштер

санының өсуі 30,3 пайызды құрайды. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы шағымдарының 204-і бөлшек саудаға қатысты болды. Бұл өтініштердің жалпы санының 35,2 пайызын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бірдей болып тұр. Бөлшек сауда бойынша өтініштерде сапасыз тауарды айырбастаудан немесе қайтарудан бас тарту басым болады. Сауда қызметі саласы бойынша есепті кезеңде 162 жазбаша өтініш келіп түсті, бұл осы салада 2024 жылдың 6 айында келіп түскен өтініштер санынан 2 есе көп. Электрондық сауда саласындағы шағымдар саны биыл 68,5 пайызға артып, 73-тен 123-ке дейін өскен. Өтініштердің бұл түрі тұрмыстық қызмет көрсету және ТКШ бойынша өтініштерді басып озып, екінші орынға шықты. Ал білім беру қызметтері саласындағы өтініштер 3,7 есе ұлғайып, 11-ден 41-ге дейін жетті. Барлық қызметтер онлайн форматта көрсетілді. Өтініш берушілер оқытудың сапасына және оқытушылардың шарттарды бұзудан бас тартуына наразы болды

«Есепті кезеңде департаментпен қаралған өтініштердің қорытындысы

бойынша тұтынушыларға 14,6 миллион теңге қайтарылды. Биыл тұтынушылардың өтініштері бойынша бизнес субъектілеріне 101 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Оның 78-і сауда саласында, 23-і тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында болды. Тексерулер нәтижесінде 89 бұзушылық анықталып, 44-не ескерту түрінде, 35-не жалпы сомасы 1228,8 мың теңгеге айыппұл түрінде жазалар берілді. Сондай-ақ 6 профилактикалық бақылау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді», – дейді Байқадам Еркінбекұлы.

Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысы орынбасарының сөзіне қарағанда, 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда биыл тексерулер 48,5 пайызға немесе 68-ден 101-ге дейін өскен. Соған сәйкес салынған әкімшілік жазалар 44-тен 89-ға, айыппұлдар сомасы 544,6 мыңнан 1228,8 мың теңгеге дейін ұлғайды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

ШЫМКЕНТ ТӘЖІРИБЕСІ: ҚЫЛМЫСҚА ТОСҚАУЫЛ, ҚАУІПСІЗДІККЕ КЕПІЛ

Шымкенттік құқық қорғау органдары «Заң және тәртіп» қағидалары негізінде тың бастама көтеріп, жаңа форматтағы алдын алу шараларын қолға алды.



Абайлаңыз, алаяқ!

Шымкент қаласының Полиция департаменті бүгінде ғаламтор арқылы кеңінен таралып қоғам өміріне аса зиянын тигізіп келе жатқан интернет алаяқтықтың алдын алу мақсатында егде жастағы азаматтармен тікелей жұмыс істеуге назар аударыпты. Жергілікті әкімдікпен бірлесе отырып зейнеткерлердің ресми тізімін жасақтап алған тәртіп сақшылары әрбір егде жастағы тұрғындардың үйіне барып, жеке-жеке түсіндіру жұмыстарына білек түре кірісіп кеткен. Полициялар тарапынан осыған дейін қолданылмай келген мұндай шаралар зейнеткерлерді қауіптен сақтап, материалдық түрде болатын аса үлкен зардаптардың алдын алуға оң ықпалын тигізеді хак.

– Бұл әдеттегідей үгіт-насихат емес, қауіптің нақты көріністері мен зардаптарын мысалға келтіре отырып, қауіпсіздік шараларын саналы түрде сіңіруге бағытталған арнайы шара болып отыр. Полицейлер зейнеткерлерге бейтаныс нөмірлерден келген қоңырауларға сенбеу, жеке деректерін ешкімге жария етпеу қажеттігін, алаяқтардың жиі қолданатын айдаларын нақты мысалдармен жеткізіп, түсіндіріп береді. Сонымен қатар, тұрғындарға жедел байланыс

үшін жеке нөмірлерін қалдырып, күмәнді жағдай бола қалса, дереу хабарласуға болатынын ескертті, – дейді Шымкент қалалық Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Шымкент қалалық Полиция департаменті ұсынған деректерге жүгінсек осы бағытта жүргізілген жұмыстар көп күттірмей өзінің оң нәтижесін де бере бастаған. Мәселен, жуырда бір зейнеткер бейтаныс нөмірден қоңырау алғаннан кейін, бұрын ақпараттық түсіндіру жүргізген полиция қызметкеріне хабарласып, шотындағы ақшасын алаяқтардың арбауынан аман сақтап қалғанын айтып, тәртіп сақшыларына ақжарма тілектерін жаудырған. Бұл тек бір ғана мысал. Мұндай сақтық шаралары полицияның жаңа тәсілінің тиімділігін дәлелдей түсетін нақты көрсеткіштермен оның нәтижесін айғақтап берді.

Полицияның дерегінше мұндай қадамға интернет алаяқтыққа қатысты қылмыстық фактілердің шамадан тыс көбейіп кетуі себепкер болған. Ғаламтор арқылы «Аңқау елге арамза молда» болған алаяқтарға қарсы әрекет ету үшін полиция профилактикалық алдын алу шараларының аса қажеттігін алға тартты.

– Интернет арқылы алданған-дар, жылдар бойы бала-шағалары мен немерелерінің аузынан жырып баспана, көлік басқа да қажеттіліктер үшін жинап келген қаражатын алаяқтарға ұстатып жібергендер бұрнағы жылдармен салыстырғанда тым көбейіп кеткен еді. Әсіресе, зейнет жасындағы адамдар осындай қылмыстардың құрбаны болып жатады. Зардап шеккендер қаражатын аударып жібергендіктен оны табу да аса үлкен қиындықтар тудырады. Сондықтан ең алдымен профилактикалық алдын алу шараларынан бастау қажеттігін аңғардық. Бұған дәлел тек жыл басынан бері ғана Шымкент қаласының өзінде 300-ге жуық интернет-алаяқтық дерегі тіркеліп, келтірілген материалдық шығын көлемі 900 миллион теңгеге жуықтаған. Бұл мәселенің қаншалықты ауқымды әрі өзекті екенін айғақтап береді, – деп толықтырды Бағлан Исатаева.

«Қарасора–2025» шеңберіндегі нақты қадамдар

Полицияның мәліметінше цифрлық қауіппен қатар, бүгінде қоғамның басқа да маңызды мәселелері де қатар жүріп келеді. Солардың бірі – есірткінің заңсыз айналымы. Маусым айының басынан бастап елімізде дәстүрлі түрде «Қарасора–2025» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы бастау алған. Бұл – есірткі қылмысы мен нашақорлыққа қарсы бағытталған ауқымды операция шеңберінде қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығына қауіп төндіретін қылмыстық фактілерді дер кезінде анықтауға және алдын алып тосқауыл қоюға оң ықпалын тигізген. Тек бір айдың ішінде Шымкент қаласының өзінде 61 қылмыстық құқық бұзушылық анықталғаны осыны айғақтаса керек.

Полицияның мәліметінше аталған ауқымды профилактикалық шаралар мен жедел іздестіру жұмыстарының нәтижесінде есірткі заттарын сатудың 12 дерегі, нашақорлар жиі пайдаланатын өсімдіктерін егіп өсірудің 13 фактісі, есірткі өнімдерін жарнамалаудың 2 оқиғасы, сондай-ақ есірткімен байланысты басқа да 34 бірдей теріс қылықтар анықталған. Солардың бірінде кәнігі тергеушілер мен тәртіп сақшыларының өзін таңдандырған аса үлкен факті тіркелді. Қырағы тәртіп сақшыларының жедел әрекет етуінің арқасында ел ішінде сонымен қатар алыс-жақын шетелдерге дейін аса



ірі көлемде есірткі заттарын тасымалдаумен айналысқан қылмыстық топ құрықталып, ірі көлемді есірткі өнімдері тәркіленіп алынған. Атап айтқанда, әбден ойластырылып жасалған операция аясында жалпы көлемі 29 келіден астам есірткі өнімдерін тасымалдап келе жатқан қылмыстық топ ұсталды. Тінту барысында полиция қызметкерлері 17 келі сора (кендір) өсімдігін, 8 келі синтетикалық есірткі, 4,8 килограмм марихуана есірткілерін анықтап, тәркілеп алған.

Аса ірі көлемдегі есірткі айналымына тосқауыл қою бағытында жүргізілген нақты әрекеттер жасаудың арқасында Түркістан облысының небары 23 жастағы тұрғыны есірткі заттарын «жасырын таратушы» ретінде ұсталды. Ол Шымкенттің Бозарық шағын ауданында ірі көлемдегі есірткі өнімдерін әр 100 метр сайын жерге көміп кеткен болып шықты. Тәртіп сақшыларының жедел іздестіру шараларының нәтижесінде жалпы көлемі 842 грамм синтетикалық есірткі түрлері тәркіленіп, қылмыстық іс жасаған азамат дереу қамауға алынды. Бұдан бөлек, байланыссыз тәсілмен есірткі таратпақ болған 21 жастағы қыз да қырағы полиция қызметкерінің құрығына ілінді. Тінту барысында одан 50 граммнан астам есірткі заттары анықталды. Бұл жағдайлардың бәрі жастар арасында есірткі қылмысының кеңінен етек жайғанын айғақтай түседі.

Заң – баршаға ортақ

Шымкенттік полиция дерегінше үй жағдайында есірткі өнімдерін еш қымсынбастан өсіріп жатқандардың да қатары көбее бастаған. Тәртіп сақшылары кезекті бір операция барысында жеке тұрғын үйлер мен бау-бақшаларда заңсыз есірт-

кі өсімдіктерін өсіру деректерін де әшкереледі. Тұрғындардың кейбірі үй жағдайында сора өсіріп, кептіріп сақтап отырған. Полицейлер мұндай әрекеттердің алдын алып, кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тартуға назар аударып отыр.

Мәселен, Сайрам тұрғын үй алабының 39 жастағы тұрғынының үйінен 15 түп сора өсімдігі және жалпы көлемі 1 келі 733 грамм көкнәрдің кептірілген бөлігі табылды. Қазіргі таңда аталған азаматқа қатысты Қылмыстық кодекстің екі бірдей бабымен сотқа дейінгі тергеу амалдары басталған.

Полиция құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді заңсыз өсіру, сонымен қатар оларды жою шараларын қолданбау есірткі бизнесінің жандануына ықпал етіп, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтыратынын алға тартады. Өйткені, есірткі – тек заңға ғана емес, адам тағдырына, отбасыға, тіпті тұтас ұлт болашағына төнген қауіп

Бүгінде Шымкент қалалық Полиция департаменті қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жолында тың бастамалар көтеріп, нақты нәтижелерге қол жеткізіп келе жатқанын атап өткен жөн. Интернет-алаяқтықпен күресте егде жастағы азаматтарға бағытталған тікелей жұмыс форматы өз тиімділігін дәлелдесе, есірткі қылмысына қарсы «Қарасора–2025» аясындағы іс-шаралар да жүйелі түрде жалғасып, қылмыстық фактілерді дер кезінде анықтауға оң ықпалын тигізген. Заң мен тәртіп жолындағы бұл бастамалар қоғамды қауіпсіз, ал азаматтарды сақ әрі жауапты болуға шақырады. Өйткені, қауіпсіз қоғам – баршамыздың ортақ игілігіміз.

Майра ТОҚАНОВА
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ӨНДЕУ СЕКТОРЫ

Түркістан облысының Сайрам ауданында мал бордақылау алаңын, сою цехын салу және етті қайта өңдеу жобасы іске қосылды. «KAZ ECO MEAT» ЖШС-і оны 2023 жылы бастаған болатын. Жылына 10 мың тоннаға дейін ет өңдеуге бағытталған жобаның жалпы құны – 8,5 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорында Беларусь, Қытай және Түркиядан жеткізілген заманауи жабдықтармен өндірістің барлық түрлерін озық технологиямен жасақтау шешімдері енгізілген.

МАЛ БОРДАҚЫЛАУ КЕШЕНІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, ол 2024–2028 жылдары іске қосылатын құны 500 млн теңгеден басталатын шикізаттық емес секторлардағы отандық және шетелдік инвесторлардың кәсіпкерлік субъектілерінің Инвестициялық жобалардың Жалпыұлттық пулына Түркістан облысынан енген 5 жобаның бірі. Онда мал бордақылау үдерісін тиімді және тұрақты жүргізуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған азықтандыру жүйесі орнатылған. Өнімді кешенді өңдеу мақсатында қан жинау және өңдеу қондырғылары, сондай-ақ сүйек өңдеуге арналған жабдықтар іске қосылып, қалдықсыз өндіріс циклі қамтамасыз етілген. Ет комбинаты халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келеді және өнім экспорттауға бағытталған. Шикізат ретінде жергілікті фермерлік шаруашылықтардан, сондай-ақ еліміздің солтүстік өңірлерінен жеткізілген ірі қара малы пайдаланылады.

Инвестициялық жобалардың Жалпыұлттық пулында еліміз бойынша, жалпы ауыл шаруашылығы саласы бойынша 2024–2028 жылдары іске қосылады деп жоспарланған жобалардың жалпы саны – 139. Оған Түркістан облысы бойынша

енген 5 жобаның біреуі былтыр іске қосылса, қалған төртеуі биыл пайдалануға берілетін болады. Мәселен, 2023 жылы басталып, былтыр іске қосылған астық қоймаларының құрылысына отандық инвесторлар 600 млн теңге қаржы жұмсаған. Ал биыл іске қосылатын өзге 3 жобаның екеуін қазақстандық, біреуін ресейлік инвестор қаржыландыруда. Атап айтқанда құрылысы 2022 жылы басталған ауыз су мен түрлі-түсті сусындар өндіретін зауыт құрылысына отандық инвестор 9,5 млрд қаржы салған. 2023 жылы басталған жүгеріні терең өңдеу зауытына тағы бір қазақстандық компания 11 млрд қаржы жұмсады. Ресейлік инвесторлар 42 млрд теңге қаржы салған жылыжай кешенінің 51 гектарды құрайтын 1-кезеңінің құрылысы 2022 жылы басталған еді.

Ұлттық статистика бюросының есебіне қарағанда жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, өсімдік және малшаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну бойынша заңды тұлғалар, филиалдар саны бойынша Түркістан облысы (4073) елімізде ең алдыңғы орында тұр. Дара кәсіпкерлер (6573), шаруа немесе фер-

мер қожалықтары (75597), кенттің, ауылдың, ауылдық округтердің ұй шаруашылықтары (263190) саны жағынан да бұл өңір өзгелерден алда келе жатыр. Олардың жұмыс істеп тұрғандары заңды тұлғалар, филиалдарда 95,4 пайызды, дара

кәсіпкерлерде 96,3 пайыз, шаруа немесе фермер қожалықтарында 99,5 пайызды құрауда. Өңірде етті қайта өңдеу, консервілеу және ет өнімдерін өндіру бойынша 42 кәсіпорын бес айда 277 935 млн теңгені өнімін өндірген екен. Алдағы уақытта енді жаңа өндіріс орнының іске қосылуымен өндіріс көлемінің ұлғаюымен бірге сыртқы сауда-саттықтағы оң өзгеріс ары қарай жалғасын тауып, экспортқа шығарылатын болады. Қаңтар-сәуірде Қазақстанның ет және ет өнімдерінің ЕАЭО елдерімен сыртқы саудасында экспорт 30 967,9 тоннаны, импорты 66 984,9 тоннаны құрады. Егер оны АҚШ долларымен бағалайтын болсақ экспорт 70 025,9 мың долларды, импорты 140 483,4 мың долларды құраған. Егер ет және ет өнімдерінің құрылымына қарайтын болсақ бізден ірі қара малдың және қой немесе ешкінің жас немесе тоңазытылған еттері көбірек шығарылған. Сол сияқты ірі қара мал, шошқа, қой, ешкі, жылқылардың жас немесе тоңазытылған еттерінде де импортқа қарағанда экспорттың үлесі басым боп тұр.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

ЖАҒАНДЫҚ САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМГЕ БІТІМГЕРЛІГІМЕН ТАНЫМАЛ

Бүгінде әлем тынышсыз. Дүниенің әр бұрышында түрлі қарулы қақтығыстар болып жатыр. Өкінішке қарай, олардың бәрін келіссөздер арқылы шешу мүмкін емес. Мұндай жағдайда барлық үміт тек бітімгершілік күштерге артылады. Әрдайым бейбіт саясат ұстанатын Қазақстан бүгінде жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған барлық бастамаларды қолдап келеді.

Еліміздің Қарулы Күштері 2014 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік операцияларына қатысуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық бітімгершілік күштер құрамында табысты қызмет еткен және халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға елеулі үлес қосқан офицерлер мен сарбаздармен кездесу барысында 80 азаматтың әскери бақылаушылар мен штаб офицерлері ретінде бірнеше миссияға қатысқанын айтқан еді. Сонымен қатар БҰҰ-ның арнайы операцияларына 700-ге жуық әскери қызметші тартылыпты. Мемлекет басшысы олардың қатарында Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және Хиуаз Доспанованың даңқты жолын жалғастырып келе жатқан біздің батыл отандастарымыз бар екенін ерекше атап өткен болатын.

Бітімгер болу – бейбітшілік елшісі болу. Бұл үлкен мәртебе және үлкен жауапкершілік, нағыз батыл жауынгерлер ғана орындай алатын тапсырма. Яғни, барлық

елдер бітімгершілік күштердің қатысушысы бола алмайды. Ал, Қазақстан армиясы өткен жылы тағы бір тарихи қадам жасауға мүмкіндік алып, онда еліміз тұңғыш рет бітімгершілік миссияларын өз бетінше жүзеге асырды. Голан биіктеріндегі операцияның арқасында біздің БҰҰ-мен өзара әрекеттесуіміз сапалы жаңа деңгейге көтерілді.

Соның арқасында Қазақстан толыққанды бітімгершілік контингенті бар мемлекеттер қатарына еніп, Орталық Азиядағы осы салада тәжірибесі мол елдердің бірі ретінде танылды. Бүгінде 158 қазақстандық Африка мен Таяу Шығыстағы бітімгершілік күштер құрамында қызмет атқарады. Болашақта Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы басқа да миссияларға қатысу жоспарлануда. Осылайша Қазақстан бүкіл адамзат үшін бейбітшілік пен келісімді нығайтуға өз үлесін қосуды жалғастырады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҒЫЛЫМСЫЗ ДАМУ ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңғы жылдары отандық ғылымда оң өзгерістер байқалуда. Ғалымдарға арналған гранттар көлемі өсті, ғылыми кадрларды даярлауға арналған бағдарламалар пайда болды. Бірақ бұл шаралар жеткілікті емес. Мәселен, 2023 жылы елімізде ғылыми қызметкерлер саны 22 мыңнан аспады, бұл Еуропа елдерімен салыстырғанда бірнеше есе аз.

Нақты мысал – Назарбаев университетінің түлектері арасында физика, инженерия саласындағы үздік студенттердің көпшілігі шетелдік зертханаларға кетуде. Олар ғылыммен еркін айналысу үшін шетелдік ғылыми ортаны таңдайды. Бұл – еліміздің интеллектуалдық әлеуетінен айырылып қалу қаупін туғызады.

Биыл алғаш рет Ғылым және жоғары білім министрлігі дарынды оқушылар мен жас ғалымдарға қолдау көрсету үшін «Жас ғалым» бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама арқылы 500-ге жуық зерттеуші шетелдік тағылымдамдан өтті. Бұл – жақсы қадам. Бірақ жүйелі өзгеріс үшін ғылымға бөлінетін қаржыны ЖІӨ-нің 1%-на дейін жеткізу қажет.

Ғылымға инвестиция – стратегиялық таңдау

Профессор Алмас Ерғалиевтің пікірінше: «Біз ғылымды тек рейтинг үшін емес, нақты экономикалық қажеттілікке қарай дамытуымыз керек. Мысалы, ауыл шаруашылығында өнімділік пен климатқа бейім дақылдарды өсіру үшін аграрлық ғылым алда жүруі тиіс». Оның айтуынша, Қазақстанның көптеген аймақтарында құрғақшылыққа төзімді өсімдіктерді селекциялау, топырақты сақтау технологияларын жетілдіру – тек ғылыми негізде шешілетін мәселелер.

Сол сияқты, геология, биотехнология, медицина, энергия көздерін дамыту бағыттарында да отандық ғылымның әлеуеті жоғары. Алайда қаржыландыру тапшылығы мен зертханалық база жетіспеушілігі бұл әлеуетті толық ашуға мүмкіндік бермей отыр.

Жас ғалымға жол ашық па?

Жас зерттеушілердің айтуынша, ғылыммен тұрақты айналысу үшін академиялық еркіндік, материалдық тұрақтылық және тәжірибе алмасуға қолайлы жағдай қажет. Алайда Қазақстанда ғылыммен айналысатын жас мамандардың жалақысы орта есеппен 150–250 мың теңге шамасында. Бұл – дарынды жастарды ғылымнан алыстататын факторлардың бірі.

Физика ғылымдарының кандидаты Әсел Мырзақұлова: «Мен шетелде постдокторантурадан өтіп, елге оралдым. Бірақ қолда бар білімімді толық пайдалануға мүмкіндік аз. Көп жағдайда жобаларды қаржыландыру жүйесі күрделі, ал тәжірибелік іске көшуге кедергілер көп» дейді.

Ғылым – болашақтың негізі. Оған салынған инвестиция бірден қайтпауы мүмкін, бірақ ұзақ мерзімді нәтижесі елдің тәуелсіздігі мен әл-ауқатын айқындайды. Бұған мысал ретінде Корея, Финляндия, Израиль сияқты ғылымға сүйеніп дамыған елдерді келтіруге болады. Олар ғылым мен технологияны ұлттық басымдыққа айналдыра алды.

Елімізде де ғылыми әлеуетті күшейту – стратегиялық міндет. Бұл үшін ең алдымен:

- ғылымға бөлінетін қаржыны арттыру;
- ғылыми инфрақұрылымды жаңарту;
- зерттеулер нәтижесін өндіріске енгізу;
- ғылыми мамандықтардың беделін көтеру;
- мектептен бастап ғылымға қызығушылықты қалыптастыру қажет.

Тек сонда ғана Қазақстан ғылым арқылы өзін дамыған мемлекеттердің қатарына қосыла алады. Ғылымның қадірін білетін уақыт келді. Енді оны кешіктірмей, нақты іспен дәлелдейтін кезең туды.

Самал АСҚАР

БІР МҮДДЕ

Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда ұлттық бірлік пен ішкі тұрақтылықтың маңызы бұрынғыдан да артып отыр. Қазақстан үшін бұл – тек идеологиялық ұран емес, мемлекеттіліктің негізгі тірегі.

БІРЛІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Бірлік – тек этностар арасындағы келісім ғана емес, әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндік. Өкінішке қарай, соңғы жылдары қоғамда әлеуметтік жіктелу күшейіп келеді. Бұл – қауіпті үрдіс. Экономикалық теңсіздік, білім мен медициналық қолжетімділігіндегі айырмашылықтар, еңбек нарығындағы әділетсіздік секілді факторлар азаматтардың өз мемлекетіне деген сеніміне сызат түсіреді.

2024 жылы өткізілген «Қазақстан халқының бірлігі» әлеуметтік зерттеуі бойынша, жастардың 37%-ы елде әділеттілік жоқ деп есептейді. Бұл – болашаққа сенімсіздік білдіреді. Егер қоғамның белсенді, білімді бөлігі – жастар – әділетке күмәнмен қараса, онда ұлттық бірлікке негіз болар ортақ құндылықтардың іргесі шайқалады деген сөз.

Саясаттанушы Алия Бақытқызының айтуынша: «Бірлік тек билік орнататын тетік емес, халықтың өзара құрметі мен ортақ мүдде төңірегінде топтасуы. Бұл үшін әділетті әлеуметтік саясат пен ашық мемлекеттік басқару қажет». Яғни, бірлік жоғарыдан күштеп тағылмайды, ол – сенім мен әділетке негізделген ішкі рухани келісім.

Мысалы, Түркістан облысында көпәтносты ауылдарда этностардың ортақ тіл мен құндылықты сақтау арқылы бейбіт қатар өмір сүріп отырғанын көруге болады. Бұл – салт-дәстүр, мектептегі тәрбие және имандылыққа негізделген ынтымақтың көрінісі. Ондай ауылдарда ата-аналар балаларын бірдей мектепке береді, ауыл жастары бір команданда спортпен шұғылданады, ұлтқа бөлінбей, өмір салты мен тұр-

мыс-тіршілігімен бірігіп кеткен. Бұл – мемлекеттік саясаттың емес, жергілікті халықтың өзара құрмет пен күнделікті қарым-қатынас арқылы қалыптастырған шынайы бірлігі.

Жастар арасында әділетсіздікке деген сенімсіздік, шенеуніктерге деген күмән мен әлеуметтік лифтің болмауы үлкен алаңдаушылық тудырады. Бірлік – жастар өзін осы елдің ажырамас бөлігі ретінде сезінгенде ғана берік болады. Егер жастар мемлекеттен алыстап, өз болашағын тек шетелмен байланыстырса, қоғамның іргетасы әлсірейді.

Мемлекет тарапынан жастарға тек ұранмен емес, нақты мүмкіндікпен жауап беру қажет. Бұл – сапалы білім, ашық конкурс арқылы жұмысқа тұру, стартаптарды қолдау, тұрғын үймен қамту, мемлекеттік бағдарламаларға әділ қатысу сияқты нақты шаралар арқылы іске асуы тиіс.

Қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау үшін, ең алдымен, азаматтар арасында өзара сенімді арттыру қажет. Заң мен тәртіп маңызды, бірақ олар ішкі сенім мен әділетсіздікке қарсы тұратын иммунитеттің орнын баса алмайды. Әлеуметтік әділет, ашық диалог, шындыққа негізделген ақпарат саясаты, азаматтық бастамаларды қолдау – қоғамды топтастыратын нақты қадамдар.

Қоғамдағы әр адам – ұлт өкілі, ал бірлік – әрқайсысымыздың күнделікті әрекетімізден тұратын құндылық. Біз оны тек мереке күндері емес, жұмыс орнында, әлеуметтік желіде, көшеде және отбасымызда жүзеге асыра аламыз.

Самал АСҚАР

ҚАМҚОР ОРТА

Қазақстанда жыл сайын 3 мыңнан астам адам өз-өзіне қол жұмсайды. Бұл – ресми статистика. Ал тіркелмей қалғандары қанша екені белгісіз. Суицид – тек жеке адамның трагедиясы емес, бүкіл қоғамға қауіп төндіретін әлеуметтік дабыл. Ең алаңдатарлық жайт – бұл көрсеткіштің жастар мен жасөспірімдер арасында артып келе жатқаны.

ҮНСІЗ ҚАЛМАҢЫЗ!

Суицидтің негізгі себептері – жалғыздық, қысым, түсінбеушілік және әлеуметтік қолдаудың болмауы. Әсіресе, жасөспірімдер арасында эмоциялық қолдаудың жетіспеуі қауіпті салдарға әкелуде. Көп жағдайда бұл ішкі күйзеліс сырттай байқалмайды. Себебі жас адам мұңын кімге айтатынын білмейді, ал ересектер болса оның психологиялық күйіне мән бермейді.

МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАР ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Білім министрлігі 2024 жылдан бастап мектептерде «эмоциялық қолдау кабинеттері» мен психологтар санын арттыру бойынша реформа бастағанын жариялады. Сондай-ақ кейбір өңірлерде «психологиялық ағарту апталығы», «эмоцияны басқару дағдылары», «буллингке қарсы тренингтер» секілді жобалар қолға алында. Бірақ бұл шаралар тек қағаз жүзінде қалмауы тиіс.

Алайда тәжірибеде не көріп отырмыз? Мектеп психологтарының көпшілігі формалды жұмыс істейді. Баламен ашық сөйлесуге

уақыты немесе білігі жетпейді. Ал ата-аналар психологиялық кеңеске жүгінуге ұялады немесе қажет деп таппайды.

Психолог Назгүл Әмірханова бұл жағдайға былай деп баға береді: «Ата-аналар мен мұғалімдердің өзі психологиялық сауатсыз. Олар баланың күйзелісін түсінбейді, көбіне жазғырады. Бұл – баланы одан әрі жабық күйге түсіреді», – дейді.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУАТ СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Сарапшылардың пікірінше, балалар мен жасөспірімдермен жүйелі жұмыс істеу үшін тек мектеп емес, отбасы мен жергілікті қоғамдастықтар да атсалысуы қажет. Суицидтің алдын алудағы басты факторлар:

отбасындағы ашық қарым-қатынас; мектептегі сенімге негізделген орта; эмоциялық интеллектті дамыту; психологиялық көмекке қолжетімділік; әлеуметтік желідегі буллингке қарсы нақты шаралар.

Психологтар мен педагогтар ғана емес, полиция, әкімдік,

дін өкілдері мен БАҚ та бұл мәселеде жауапкершілік алуы тиіс. Мәселен, Жамбыл облысында пилоттық режимде іске қосылған «Жасөспірімге жана-шыр бол» жобасы арқылы 7 суицидтік оқиға алдын ала тоқтатылған. Бұл – дұрыс бағыттағы қадам.

СУИЦИДПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМДЫҚ МІНДЕТ

Суицидпен күрес – тек медицина мен білім саласының мәселесі емес, бұл – жалпы қоғамның жауапкершілігі. Үнсіздік пен бейқамдық – трагедияға апарады. Қоғамдағы әр азамат – ата-ана, мұғалім, көрші, дос, әріптес – жанындағы адамның күйін елеусіз қалдырмауы керек.

Бұқаралық ақпарат құралдары да бұл тақырыпқа немқұрайлы қарамауы қажет. Суицидке қатысты материалдарда жауапкершілікпен, этикалық нормаларға сай ақпарат беру маңызды. Қате форматтағы жарияланымдар кері әсер беріп, басқа жастарды соған итермелеуі мүмкін екенін мамандар ескертеді.

Кейде адам жан айқайын сөзбен емес, үнсіздікпен білдіреді. Егер сол үнсіздікті ести алмасақ, келесі трагедияны болдырмау мүмкін болмай қалады. Сондықтан суицидке қарсы күрес – әрқайсысымыздың борышымыз. Себебі бұл – статистика емес, адасқан адамның жан дертін түсінуге ұмтылу.

С.АСҚАР

ДЕНСАУЛЫҚ

«САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» ПОЙЫЗЫ АУЫЛДАРДЫ АРАЛАУДА

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы Қостанай облысы Денисов ауданының «Денисовка» станциясына келді. Заманауи диагностикалық құралдармен қамтамасыз етілген пойыз – шалғай аудандар мен ауылдарда тұратын азаматтарға медициналық, психологиялық, құқықтық және медиативтік көмек көрсетуді мақсат еткен.



Барлық ем-шара міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде жасалады. Бұл әлеуметтік жоба Денсаулық сақтау министрлігінің, «Samruk-Kazyna Trust» қорының, сондай-ақ ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен іске асырылуда.

Қостанай облысына келген «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызында әртүрлі бейіндегі 30 медицина қызметкерінен тұратын команда бар. Олар: терапевт, хирург, педиатр, кардиолог, невропатолог, ЛОР дәрігері, офтальмолог, стоматолог, гинеколог, уролог, психолог және функционалдық диагностика мамандары. Онда барлық пациенттерге ультрадыбыстық, ЭКГ, флюорография, гастроско-

пия, зертханалық зерттеулер қолжетімді. Шұғыл көмек қажет болса, мамандардың қатысуымен шағын хирургиялық операциялар да жасалады. Медициналық пойыз «Денисовка» станциясында бірнеше күн болып, содан кейін басқа аудандарды аралайды.

Бұған дейін «Саламатты Қазақстан» пойызы Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарын аралаған болатын. Атап айтқанда Ақтөбе облысының Шұбарқұдық, Қарашоқат, Қотыртас, Қандыағаш, Мартөк, Ақкемер және Кемпірсай сияқты елді мекендерінде болды. Ал Батыс Қазақстан облысында 7,5 мыңға жуық тұрғын тұратын Бәйтерек, Шыңғырлау, Тасқала және Теректі аудандарының 7 теміржол станциясында тұрғындарға медициналық және құқықтық қызмет көрсетті. Мәселен, бұл сапар кезінде пойыздың аға дәрігері А. Саханова мен пойыз медиаторы

Ш. Шалғазина ауыл тұрғындарына мобилдік кешеннің жұмыс істеу механизмін және олар пойыз мамандарының көмегімен медициналық және басқа да қызметтер тізбесінен нақты не ала алатынын түсіндірді. Ал 3-25 мамыр аралығында «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы Маңғыстау облысының Тұрыш, Сам, Сайөтес, Өзен, Болашақ, Жетібай, Қарақия, Шетпе, Үстірт, Тірек станцияларына тоқтады.

Былтыр бұл әлеуметтік жоба 1 мамырда басталып, Астанадан шалғайдағы 147 ауыл тұрғындарына тегін амбулаториялық көмек көрсеткен еді. Ол кезде медициналық пойыз өз сапарын су тасқынынан зардап шеккен батыс өңірлерден бастап, 90 мың ауыл тұрғындарын медициналық қызметтермен қамтыған. Былтыр бұл жобаның арқасында алғаш рет маммограф сатып алынды, оның қызметтерін халыққа қолжетімді болған. Сондай-ақ консультациялық-диагностикалық көмектен басқа, медициналық пойыз мамандары стационарларға жоспарлы емделуге жолдама да бере алды.

Жалпы «Медициналық пойыздар» 2010–2023 жылдары еліміздің барлық өңірлеріндегі 1991 станцияға барды. Онда 658 407 адам, оның ішінде 142 660 бала қаралды. Дәрігерлердің қарап-тексерулерінің саны 3,5 млн-ды құрап, 29 мыңдай шағын амбулаториялық операциялар жасалып, 169 мың тұрғынға стоматологиялық көмек көрсетілген еді.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАР САНЫ АРТАДЫ

Жетісу облысында алдағы уақытта медициналық нысандар саны артпақ. Өңірде халықтың алғашқы қолжетімділігін арттыру мақсатында ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Атап айтқанда, «Ауылдық денсаулық сақтау саласын жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыс аумағында 18 жаңа денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізілуде. Жобаға арнайы қор есебінен

қажетті қаржы бөлінген. Салынатын нысандардың қатарында 3 дәрігерлік амбулатория, 3 медициналық пункт және медициналық көмекке 12 фельдшерлік-акушерлік пункт бар. Бұл нысандар шалғайдағы ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық қызмет көрсетуді жақсартуға бағытталған.

С. ӘЙТЕНОВА

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мен артықшылық деп міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі, цифрландыру үрдісінің басталуы, қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламаларының дамуын айтар едім. Ал проблемаларына аймақтардағы медицина сапасының әркелкілігі мен кадр тапшылығы, жабдықталу мәселелері, көптеген емханаларда ескі инфрақұрылым, жаңа технологияларды енгізудің баяу жүруін жатқызуға болады.

— **Ауыл мен қаладағы медициналық қызмет сапасы арасында қандай айырмашылықтар мен проблемалар бар деп ойлайсыз?**

— Ауыл мен қала арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Мәселен, кадр тапшылығы ауылда көбірек сезіледі. Жабдықталу деңгейі төмен. Инфрақұрылым мен жол қатынасы нашар болғандықтан жедел жәрдем жетуі өз алдына бөлек мәселе. Ауыл тұрғындарына күрделі тексерулер немесе маман кеңесін алу үшін қалаға баруға тура келеді.

Бұдан бөлек, ауылдық жерлерде медицина қызметкерлеріне қатысты да біршама қиындықтар бар. Бұл жерде ең алдымен тұрғын үй мәселесін айтуға болады. Отбасы мүшелерінің білім алуы немесе жұмыспен

Гүлсім ТҮЛЕБАЕВА, Алматы облысы Райымбек ауданы Көкбел ауылының емхана медбикесі:

ЖАС ДӘРІГЕРЛЕРДІ ҢНТАЛАНДЫРУ МАҢЫЗДЫ

қамтылуы, маман ретінде өсу мүмкіндігінің шектеулілігі, жаңа технологияларға қолжетімділіктің төмендігі, қоғамдық көліктің болмауы, алыс ауылдарға жетудің қиындығы секілді бірқатар жағдайлар сабақталып кете береді.

— **Ауылдық амбулаториялар мен ауруханаларда жабдықталу, кадр тапшылығы, науқастарға қолжетімділік мәселесі қалай шешілуде?**

— Өңірлерде мемлекеттік бағдарламалар арқылы жабдықтар жаңартылуда, бірақ қарқыны баяу. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы кадр тарту жүргізілуде, бірақ ол жеткіліксіз, бұл мәселе өкінішке қарай кадр тапшылығын жоя алмай отыр. Телемедицина аймақтарда енгізіле бастады — бұл кейбір кеңестерді қашықтан алуға мүмкіндік береді. Кейбір облыстарда жылжымалы медициналық кешендер (мобильдік клиникалар) жұмыс істеп тұр

Ауылдық жерлердегі медицинаға жас мамандарды тарту керек дейміз. Бірақ ондай әрекеттер үшін ең алдымен жастарға әрине мемлекет тарапынан қолдау мен ынталандыру маңызды. Ол үшін баспана беру (немесе жалдау құнын субсидиялау), қосымша жалақы үстем-ақысы, кәсіби даму курстарына қолжетімділік, жақсы инфрақұрылым (жол, мектеп, балабақша), маманның



отбасына да жұмыс, оқу жағынан жағдай жасау секілді бағдарламалар қолға алыну қажет.

— **Медициналық қызмет сапасын арттыру үшін ауылдық жерде қандай нақты қадамдар жасалу қажет?**

— Медициналық мекемелерді заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету маңызды. Бұл сұраққа қатысты өз тарапымнан тағы да мынадай өзекті мәселелерді: дәрігерлер мен мейірбикелер үшін тұрақты оқыту курстарын енгізу, телемедицинаны кеңінен дамыту, көлікпен қамтамасыз ету (жедел жәрдем көліктері), ауыл тұрғындарына денсаулық туралы білім беру шараларын ұйымдастыруды ұсынар едім.

— **Денсаулық сақтау саласына қандай жаңартулар керек?**

Электронды денсаулық жүйесін (E-health) толық енгізу; Медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру; Жеке сектор мен мемлекеттік қызмет арасындағы серіктестікті күшейту; Медицина қызметкерлерінің құқығы мен қорғалуын заңмен нақтылау; Медициналық этиканы күшейту және халықпен байланыс орнату механизмдерін дамыту керек.

— **Шынайы сұхбатыңызға көп рақмет.**

Сұхбаттасқан Шолпан КӨПІРБАЙ, «Заң газеті»

ЖИЫН

AGROFEST – 2025 БАСТАЛДЫ

Төртінші мәрте өткізіліп отырған шараға Қазақстан мен Ресейден келген агроөнеркәсіп мамандары қатысуда.

ҚР Ауыл шаруашылығы минис-трлігі дерегінше, екі күндік басқосуға 8 мыңнан астам қатысушы — шаруалар, инвесторлар, ғылым, бизнес және мемлекеттік орган-дардың өкілдері қатыспақ.

— AGROFEST — ауыл шаруашылығына адал, ел игілігі үшін күн сайын еңбек етіп жүргендерді біріктіретін бірегей алаң. Бүгін біз Мемлекет басшысы айқындаған міндетке сай — егін өнімділігін екі еселеу және ауыл шаруашылығын

экономиканың негізгі драйверіне айналдыру жолында жұмыс істеуіміз қажет. Ол үшін барлық бағытта алға жылжуымыз керек — цифрландырудан бастап техника жаңғыртуға, мал шаруашылығын дамытуға, нарықтарды кеңейту мен инвестиция тартуға дейін, — деді фестивальдің ашылуында ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауов.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

ҚОРҒАНЫС

2025 жыл Қазақстан Республикасының қорғаныс сала-сындағы халықаралық байланыстары үшін ерекше маңыз-ды кезеңге айналды. Әсіресе, Каспий өңірінде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы әскери ынтымақтастық елеулі қарқын алды.

ӘСКЕРИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК

Биыл көктемде Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов ресми сапар-мен Баку қаласына барды. Сапар аясында Әзірбайжан Республикасы-ның Қорғаныс министрі Закир Гасановпен кездесіп, екі ел арасындағы 2025 жылға арналған әскери ынтымақтастық жоспарына қол қойылды. Бұл құжатқа сәйкес, тараптар 30-дан астам бірлескен іс-шара өткізуге келісті. Оның ішінде командалық-штабтық жаттығулар, әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық, офицерлерді кәсіби даярлау, сондай-ақ әскери-теңіз бағытындағы өзара тәжірибе алмасу көзделген.

Аталған жоспардың нақты жүзеге асуының көрінісі — 2025 жылдың маусым айында Ақтау қаласында өткен «Каспий самалы — 2025» әскери-теңіз оқу-жаттығуы болды. Жаттығуға Қазақстан мен Әзірбайжанның әскери-теңіз күштерімен қатар, шекара қызметі және арнайы мақсаттағы бөлімшелер қатысты. Іс-шара барысында жағалаудағы стратегиялық нысандарды қорғау, тактикалық маневрлер орындау, теңізде өзара іс-қимылды үйлестіру, іздестіру-құтқару операцияларын жүргізу тәжіри-белері пысықталды. ҚР Қорғаныс министрлігінің хабарлауынша, жаттығу Каспий теңізіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған. Оқу-жаттығу нәтижесінде екі елдің әскери құрылымдары арасында өзара үйлесімді әрекет ету дағдылары жетілдірілді. Жиын аясында флот құрылымдарының тактикалық машықтары ғана емес, ақпарат алмасу мен бірлескен басқару элементтері де сыналды.

Ал 2025 жылдың шілде айында Әзірбайжан аумағында екі елдің әскери бөлімшелері қатысқан «Тарлан — 2025» бірлескен оқу-жаттығуы өтті. Бұл іс-шарада құрлықтағы тактикалық әрекеттер, ұшқышсыз басқары-латын құралдарды пайдалану, әуе және артиллериялық қолдау сияқты бағыттар бойынша бірлескен дайындық жүргізілді. ҚР Қорғаныс минис-трлігінің дерегінше, жаттығу Қазақстан мен Әзірбайжан Қарулы күштері арасындағы сенімді әріптестікті нығайтуға және заманауи әскери техно-логияларды меңгеру қабілетін арттыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы ынтымақтастық әскери білім беру саласында да жалғасуда. Қос тарап кадрлық әлеуетті дамыту, офи-церлерді даярлау және тәжірибе алмасу бағытында бірлескен жобалар әзірлеуде. Бұл — екі мемлекеттің қорғаныс құрылымдары арасындағы ұзақмерзімді сенім мен әріптестіктің айғағы. Каспий өңірі — геосаяси маңызы жоғары аймақ. Энергетикалық инфрақұрылым, сауда жолда-ры мен стратегиялық нысандар шоғырланған бұл өңірдегі тұрақтылық — Қазақстан үшін басым бағыттардың бірі. Сондықтан мұндай әскери серіктестіктер елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы қорғаныс саласындағы байланыс бейбіт саясатты ұстана отырып, өзара қолдауға негізделген тұрақты әрі нақты әрекеттермен нығайып келеді. Бұл бағыттағы бірлес-кен қадамдар Каспий өңірінде қауіпсіздік пен сенімнің берік іргетасын қалыптастыруда.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»

ІШКІ НАРЫҚТЫ ҚОРҒАУ

АЛҒАШҚЫ ӨНІМ ЖИНАЛУДА

Жамбыл облысындағы шаруа қожалықтары қарбыздың алғашқы өнімін жинап жатыр. Өңір диқандары суармалы суды уақытылы жеткізген Су ресурстары және ирригация министрлігіне, сондай-ақ «Қазсушардың» жергілікті фили-алына алғыс білдіруде.

«Суды уақытылы бергендіктен, қарбызымызды дер кезінде суа-рып үлгердік. Өнім жаман емес. Қазір Астана, Қарағанды, Алматы және басқа қалаларға өнімімізді жөнелтіп жатырмыз. Су беру мәсе-лесін бақылауда ұстағаны үшін Су ресурстары және ирригация министрлігіне алғысымызды біл-діреміз», — деді диқандар Талғат Тойшыбеков пен Ерлан Қоштаев.

«Қазсушардың» Жамбыл фи-лиалы жергілікті шаруалармен су жеткізу бойынша 3852 келісімшарт жасасқан. Бүгінде шамамен 61 мың гектар егіс алқабы суарылып,

512 млн текше метрден астам су берілді. Бұл ретте су тек тиісті келісімшарт болған жағдайда ғана жеткізіледі.

Жамбыл облысында суару мау-сымы 20 күнге ерте басталды. Бұған себеп — ауа температура-сының жоғары болуы және жа-уын-шашынның болмауы. Осыған байланысты өңірде суармалы суды әділ бөлу мақсатында егістік алқаптарды кезекпен суару ұй-ымдастырылып жатыр.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

ЕЛ ҚОРҒАНЫ

2025 жылы Қазақстанда жастарды әскери-патриот-тық рухта тәрбиелеу бағы-тындағы мемлекеттік сая-сат сапалық жаңа деңгейге көтерілді. Қазіргі заманның күрделі геосаяси жағдайы мен ақпараттық қауіп-қатер-лер аясында жас буынның Отан алдындағы жауапкер-шілігін арттыру, ел қорғаны ретінде олардың азаматтық белсенділігін ояту — уақыт та-лабы. Осы мақсатта мемлекет тарапынан нақты әрі кешенді шаралар қабылданып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Жастарды әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеу 2022–2026 жыл-дарға арналған тұжырымдама ая-сында жүзеге асырылып жатыр. Қорғаныс министрлігі мен білім беру ұйымдарының бірлескен жұмысы-ның арқасында 2025 жылы еліміздің әр өңірінде 300-ден астам әскери-патриоттық клубтар жұмыс істеп тұр. Бұл клубтарда 20 мыңнан астам мүшесі бар, олардың дені — колледж және мектеп оқушылары.

Ақгүлім СӘЛІМКЕРЕЙ, «Ай-бын» әскери-патриоттық клу-бының мүшесі

— Мен әскери киімдерге қы-зықтым, жаттығулар жасап жатқан-да әпкелеріміз Мәншүк, Әлия, То-мирис сияқты батыл болғым келді. Мен осы әскери киімді киген кез-де өзімді батыр сезінемін. Себебі, әйел адам тек қана нәзік емес, ол бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен қайратты да шы-дамды болуы керек деп есептеймін.

Патриоттық тәрбиенің маңызды іс-шараларының бірі — дәстүрлі «Ай-

бын» халықаралық жиыны. Биылғы «Айбын–2025» әскери-патриоттық жастар жиыны Ақтөбе облысының Мәртөк ауданында өтті. Оған Қа-зақстаннан бөлек, Өзбекстан, Қыр-ғызстан және Тәжікстаннан келген 800-ден астам жас қатысты. Қы-тысушылар қару-жарақпен жұмыс істеу, әскери-медициналық көмек көрсету, робототехника және әске-ри IT-жобалар сияқты бағыттарда бақ сынасты. Бұл — патриотизм мен техникалық білімдерін ұштастырған жаңа буын жастарын дайындаудың жарқын мысалы. 2025 жылдың көк-темінен бастап еліміздегі 3000-нан астам мектепте «Бастапқы әскери және техникалық дайындық» пәні жаңартылды. Сабақ барысында оқушылар әскери тәртіп, алғашқы көмек, дрондарды басқару, төтенше жағдайларда әрекет ету бойынша тәжірибелік білім алуда. Сонымен қатар «Мен — Отан қорғаушымын» атты акция аясында көптеген мек-теп оқушылары әскери бөлімшелер-ге барып, сарбаздардың күнделікті өмірімен танысты.

Қорғаныс министрлігі 2025 жылы жастармен байланыс орна-ту бағытында цифрлық платфор-маларды белсенді қолдана баста-ды. Instagram, TikTok, YouTube желілерінде арнайы видеожобалар іске қосылып, шынайы сарбаздардың оқиғалары, әскери өмірдің күнделік-ті болмысы және патриоттық тақы-рыптағы қысқаметражды фильмдер жастардың қызығушылығын арт-тырды. Әскери қызметтің маңыз-дылығы мен беделін көрсету арқылы бұл жобалар ел ішінде оң қоғамдық

пікір қалыптастыруға ықпал етті.

Одан бөлек, биыл Қазақстан Қарулы күштерімен тікелей байла-нысты күшейту мақсатында ашық есік күндері, әскери қызметшілер-мен кездесулер және экскурсиялар ұйымдастырылды. «Жас Сарбаз» ұйымының белсенділері әскери бөлімдерде арнайы дайындықтан өтіп, әскери өмірге бейімделуде. Бұл — жастардың қорғаныс саласына де-ген қызығушылығын арттырып, кәсі-би бағдар берудің тиімді жолы. Сон-дай-ақ, көктемде 42 мыңнан астам жас азамат әскери борышын өтеуге шақырылды. Ерекше айта кетерлі-гі, олардың көпшілігі — ерікті түрде өтініш бергендер. Бұл — жастар ара-сында Отан қорғау қызметіне деген көзқарастың өзгеріп келе жатқанын көрсетеді. Әскерді тек міндет емес, елге қызмет ету жолы деп ұғынған жастар саны жыл сайын артып ке-леді. 2025 жыл — жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге баса назар ау-дарылған жыл болды. Бейбіт күннің батырларын тәрбиелеу — мемле-кет үшін стратегиялық маңызы бар жұмыс. Қарулы Күштердің беделін көтеру, әскери қызметті жастар үшін тартымды ету, Отан алдын-дағы парыздың қадірін ұғындыру — бұл саладағы басты басымдықтар. Еліміздің болашағы — бүгінгі жастар-дың бойындағы жауапкершілік пен отансүйгіштікке тікелей байла-нысты. Осы жолда мемлекет пен қоғамның бірлескен әрекеті ғана нақты нәтижеге жеткізеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Елдің басты құндылығы – тәуелсіздігіміз бен тыныштығымызды сақтау аса өзекті мәселе екені сөзсіз. Сондықтан ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтау қарулы күштер мен құқық қорғау органдарынан аса зор қырағылықты талап ететінін атап өткен жөн.



Бейбіт күннің бағасын білетін ел қауіпсіздікке ешқашан бейжай қарамайды. Себебі қоғамның тыныштығы – мемлекет тұрақтылығының іргетасы. Ал тыныштықтың тірегі қашан да әділеттілік, заң мен тәртіптің салтанат құруы. Бүгінгі таңда елімізде «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру, құқық бұзушылықтарға нөлдік төзімділік таныту, халықтың құқықтық санасын көтеру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл – Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде даму жолындағы маңызды әрі жауапты кезеңі десек артық айтпаспыз.

Шымкент қаласында тәртіп сақшыларымен ұйымдастырылып жатқан жедел профилактикалық іс-шаралар – осы бағыттағы кешенді жұмыстың жарқын көрінісі. Құқық қорғау құрылымдарының атқарған істері қоғамда заңға деген сенімді күшейтіп, әділеттілікке деген үмітті сондай-ақ жалпы қоғамның құқық қорғау органдарына деген сенімін нығайта түскен.

Әлемнің кез келген түкпірінде тіпті елімізге іргелес жатқан мемлекеттерде қарулы қақтығыстар мен тосын оқиғалар жайлаған заманда, бейбіт күнде атыс қаруы-

ның көлеңкесінде өмір сүру қауіпті үрдіске айналмауы тиіс. Өйткені, қауіпсіздік қағидалары мен елдегі тұрақтылықтың мызғымас беріктігін қамтамасыз ету үшін құқық қорғау органдарынан әсіресе полиция қызметкерлерінен сақдай-сай әзірлікті қажет етеді. Осыны ескерген Шымкент қаласының Полиция департаменті шілде айының 1-10 күндері аралығында «Қару» жедел профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Бұл бастама атыс қаруын пайдалана отырып жасалатын қылмыстардың жолын кесу, қарудың заңсыз айналымына шектеу қою, сондай-ақ қару иелерінің заң алдындағы жауапкершілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылыпты.

– Іс-шара аясында полиция қызметкерлері қала аумағындағы шалғай елді мекендер мен аңшылық аймақтарды жаппай аралап, жалпы саны 5276 азаматтық қару иесін тексерген еді. Жүргізілген рейдтік шаралар барысында олардың қатарында қаруды заңсыз ұстағандар да анықталып 9 дана суық қару тәркіленіп алынды. Сондай-ақ, қару-жарақ түрлерін заң талаптарына сәйкес тіркеп қолданбағаны үшін 128 әкімшілік құқық бұзушылық

анықталып, кінәлілер жауапқа тартылды. Тәртіп сақшыларының тергеп-тексеруі барысында қару сақтау және алып жүру тәртібін бұзған 3 азамат, тіркеу мерзімін өткізіп алған 20 тұрғын жауапқа тартылды,– дейді Шымкент қалалық Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Айта кетерлігі, Қазақстан заңнамасына сәйкес, заңсыз қару, оқ-дәрі немесе жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар, егер басқа құқық бұзушылық белгілері болмаса, қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Бұл – мемлекеттің заң талаптарын ескерген адамға кеңдік танытып, қоғамға қайта бейімделуге мүмкіндік берілетінін көрсетсе керек.

Алайда, заңды өрескел бұзу тек қару-жарақпен ғана емес басқа да толып жатқан заңсыздықтар қоғамда жетіп артылады. Әсіресе, ең көп таралған қылмыстардың бірі ұрлық та қауіпсіздікке жасалған шабуыл десек артық айтпаспыз. Бұл ретте де шымкенттік полицейлердің қырағылығы мен жедел әрекеттері нәтижесіз қалған емес. Шілде айының алғашқы онкүндігінде ғана қаланың бірнеше ауданында пәтер тонаумен айналысқан бес ер адам тәртіп сақшыларының құрығына ілінді.

Полицияның мәліметінше күдіктілер терезе арқылы тұрғын үйлерге заңсыз кіріп, негізінен алтын бұйымдарды қолды қылған. Тек бір айдың ішінде олар онға жуық үйді тонап, жәбірленушілерге 20 миллион теңгеден астам материалдық шығын келтіргені мәлім болды.

Қазіргі уақытта қылмыстық топ уақытша ұстау изоляторына қамауға алынған. Тергеу амалдары жүріп жатыр. Жауапты органдар ұрланған бұйымдардың бір бөлігін иелеріне қайтарып

берді. Бұл – полиция қызметінің нақты әрі нәтижелі жұмысының жемісі. Азаматтардың жеке меншігін қорғау – құқықтық мемлекеттің басты артықшылықтарының бірі. Ол тәртіп сақшыларынан қырағылық пен аса зор жауапкершілікті талап етеді. Ұрлыққа жол бермеу, дер кезінде алдын алу және кінәліні жазасыз қалдырмау – әділетті қоғам орнатудағы негізгі талап, – деп толықтырды Бағлан Исатаева.

Елімізде қолға алынған «Қауіпсіз қоғам» ұлттық жобасы шеңберінде де Шымкент қаласындағы полиция қызметімен ұйымдастырылып жатқан шаралардың да ауқымы кең. Бұл өз кезегінде шаһардағы қоғамдық тәртіп пен құқықтық мәдениеттің жаңа сатыға көтерілуіне тың серпін берген. Сонымен қатар ұлттық жоба аясында қолға алынған жұмыстар құқық қорғау органдарының қызметін жаңғыртумен қатар, халықпен сенімді байланыс орнатуға, әрбір азаматты қоғамдық қауіпсіздікке ортақ жауапкершілікке тартуға бағытталған бастамаға айналған.

Бұл орайда құқық қорғау органдары мен қоғам арасындағы ашық

диалогтың ел ішіндегі қауіпсіздіктің басты шарты екені даусыз. Таразы басын тең ұстау үшін тәртіп сақшыларымен осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар сенім мен сыйластыққа негізделген жаңа үлгідегі полиция қызметіне көшуді көздейді. Азаматтардың үнін тыңдайтын, жаңа жетілдігі ескеретін, әділетке сүйенетін полиция бейнесі – бүгінгі күннің басты талабы екені анық.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру және азаматтық қоғам құрудағы қоғам үшін ең басты әрі аса маңызды мәселе – заңды білу әрі оның іс жүзінде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету екені сөзсіз. Бұл ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың алғашқы баспалдағы. Тек құқықтық сауаты жоғары қоғамда ғана қылмыс аз, тәртіп пен талап берік болмақ. Осы ретте құқық қорғау органдарының ағарту, түсіндіру, алдын ау бағытындағы жұмыстары аса айрықша маңызға ие десек қателеспейміз. Бұл қоғамның құқықтық имунитетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін аса маңызды құрал бола алады.

Құқық бұзушылыққа бейжай қарамау, заң бұзғандарға төзімсіз болу – әрбір азаматтың азаматтық борышы екені рас. Құқықтық мәдениет тек заңнан қорқу емес, заңға сену, оны құрметтеу арқылы қалыптасады.

Бүгінгі Қазақстан – заң үстемдігін басты құндылық еткен мемлекет. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар үздіксіз жалғасып келеді. Шымкент қаласында да осы бағытта өткен жедел іс-шаралар – соның бір жарқын көрінісі. Заңды құрметтеген ел – бейбіт өмірдің бағасын біліп, мемлекеттің болашағының баянды болуын қамтамасыз етпек. Бұл мақсаттың іс жүзінде жүзеге асуы үшін әрбір азамат тәртіп пен әділеттің қалыптасуына үлес қосқанда ғана шын мәніндегі қауіпсіз қоғамды бірге құра аламыз. Яғни заң – қағаз жүзіндегі ереже ғана емес, ел тағдырын айқындайтын темірқазық. Сондықтан заңның салтанат құруы баршамыздың ортақ мұратымыз болып қала бермек...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ



АГРОСАЯСАТ

Алматы облысында қазіргі таңда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін жұмыс істеп тұрған 26,6 мың шаруа немесе фермер қожалықтары бар. Соның бірі Еңбекшіқазақ ауданындағы «Алимжанов» шаруа қожалығы. Кәсіпкер Тілек Алимжанов кеңестік дәуірде салынған, көне тауарлы сүт фермасын қайта жаңғыртқан болатын. Айналым қаржысы шектеулі болғандықтан ол өндірістік қуаттылықты арттыру үшін тәуекел деп, «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясынан жеңілдетілген несие алуға шешім қабылдады.

Фермада бұған дейін АҚШ пен Канадада пайда болған сүтті сиырдың «голштино-фриз» деген тұқымы өсірілетін. Тарихы 1852 жылдан басталатын бұл сиыр тұқымының сүті негізінен моцарело үлгісіндегі жұмсақ және балғын ірімшік жасауға қолданылады. Қазақстандық фермер өндіріс орнын жаңғыртудың келесі кезеңі аясында Еуропадан ет-сүт бағытындағы ағылшындық герефорд тұқымды сиырларды әкелу жөнінде шешім қабылдайды.

«Қазіргі әлемдік тұрақсыз жағдайға байланысты бұл мүйізді ір қараны Қазақстанға жеткізу ұзаққа созылды. Бұрын логистикаға орта есеппен бес күн кететін болса, бұл жолы оған 20 күннен астам уақыт кетті. Жануарларды теңіз арқылы екі рет пароммен өткізуге тура келді», – дейді Тілек Алимжанов.

Фермердің айтуынша, жол қиындығына қарамастан, 96 бас мал аман-есен жеткізіліп, мұнда жерсініп қана қоймай, төл бере бастады. Мұнда өндірілген сүт күн сайын арнайы сүт тасымалдаушы көліктермен зауытқа өңдеуге жөнелтіледі.

Жалпы, «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) несиелеу бағдарламасы жұмыс



істеп тұрған тауарлы сүт фермаларын кеңейту және жаңаларын салуға бағытталған. Бағдарламаның қаржыландырылуы екі кезеңде жүзеге асырылды. Мысалы 2023 жылы 15 млрд теңге, 2024 жылы 5 млрд теңге бөлінді. Бұдан бөлек, биыл республикалық бюджеттен қосымша 8 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр. Бағдарлама шарттары бойынша: 5 млрд теңгеге дейінгі бұл несие 10 жылға дейін, 2,5 пайыздық жылдық сыйақы мөлшерлемесімен беріледі. Негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдікті кезең – 24 айға дейін.

«Бүгінгі таңда бағдарлама аясында сүтті бағыттағы 1 498 бас мүйізді ір қара мал сатып алынып, жеткізілді. Былтыр «Қонаев» әлеу-

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУЫ – БҮГІНГІ МЕЖЕ

меттік-кәсіпкерлік корпорациясы қаржыландырған 13 сүт-тауарлы ферма 38 042 тонна сүт өндірді. 2023 жылы ол 33 088 тоннаны құраған болатын. Яғни, өндірілген сүт былтыр алдыңғы жылмен салыстырғанда 5 мың тоннаға ұлғайды. Жалпы бұл 13 фермада 709 адам тұрақты жұмыспен қамтылған», – дейді «Қонаев» ӘКК басқарма төрағасы Мұрат Абдығұлов.

Мұрат Кеңесұлының сөзіне қарағанда, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту корпорация қызметінің басым бағыттарының бірі. Қоғамның осы бағытты іске асыруында өңірдегі кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру үшін түрлі қаржы құралдары көзделген. Олардың

қатарында пайызсыз қарыздар, жеңілдікті несиелеу, лизинг бар. Корпорация құрылыс, жер қойнауын пайдалану және энергетика саласындағы түрлі жобаларды іске асыруға да қатысуды жоспарлап отыр.

«Қонаев» ӘКК жобаларын іске асыру: қазақстандық экспортты әртараптандыруға жәрдемдесу; шағын және орта бизнестің өсуін ынталандыру және ауылдық жерлерде әлеуметтік-экономикалық даму үшін мүмкіндіктер жасау; экономика салаларының өнімділігін арттыру, экологиялық таза өндірісті ынталандыру және жер ресурстарының әлеуетін пайдалануды жақсартуға бағытталған. Осы арада корпорация қызметінің бағыттарына кеңірек тоқтала кеткен де артық болмас. Ол – инвестициялық жобаларды іске асыру; әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру; еншілес ұйымдарды басқару; «Ауыл Аманаты» ауыл кәсіпкерлеріне несие беру бағдарламасын іске асыру; мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын дамыту бағдарламаларын іске асыру; коммуналдық меншікті басқару; техника мен жабдықтардың лизингі; мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландыру; инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысу; әлеуметтік сауда павильондары желісін дамыту; микронесие беруді дамыту (микроқаржы ұйымын құру); шағын өндірістік аймақтарды құру. Мәселен, сүт тапшылығы мемлекеттің қолдауына қарамастан Қазақстанда әлі де сақталып отыр.

Бұл мәселені шешудің бір жолы – жеке қосалқы шаруашылықтарды кеңейтумен қатар, жұмыс істеп тұрған сүт-тауарлы фермаларды жаңғырту және жаңа өндіріс орындарын салу болып табылады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

РУХАНИЯТ

МОЛЫҚБАЙ БАЙСАҚҰЛЫНА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛАДЫ

Қазақ мәдениетінің тарихында өзіндік орны бар Молықбай Байсақұлының есімі бүгінгі таңда көп жағдайда тек музыка саласында ғана айтылады. Ал оның ақындық, бақсылы қ, жыраулық өнері әлі күнге дейін зерттеушілер назарынан тыс қалған.

Молықбайдың бойындағы қобызшылық өз заманының белгілі күйшілері болған әкесі Байсақ, атасы Бұғыбай, бабасы Жетібайдан дарығаны тек соңғы жылдары ғана айтылып, жазылып жүр. Өнер зерттеушілерінің Молықбай Байсақұлына қобызшылығына назар аударуына түрткі болатын дүние әлі күнге дейін тек Ілияс Жансүгіровтің «Күй» деген поэмасы болып отыр.

Қобызшы – Молықбай шал Матайдағы, Матайда – Кенже, Тұңғат Сақайдағы. Қазақта қобызшының қалғаны сол, Жорға еді маймаңдаған бақайшағы, – дегенді әйгілі ақын жайдан-жай айтпағанына қазір зерттеушілердің де көзі жеткен. Өйткені Қорқыттан бастау алатын қобызбен орындалатын күй өнерінің тарихында бұл салада Ықыластан кейінгі ең көрнекті тұлға ретінде қазіргі кезде Молықбайдың аты аталады. Сондықтан Жетісу облысының Жансүгіров ауылында әйгілі өнер иесіне ескерткіш қойылады екен деген хабарды естігенде ұлттық мәдениеттің жанашырлары бірден елең еткені анық. Өйткені бұл мәселе соңғы 30 жылдан бері көтеріліп жүргеніне қарамастан, әлі күнге дейін ол ұсыныс күйінде қалып келе жатқан болатын.

2007 жылы мамыр айында Талдықорғандағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Молықбай Байсақұлының туғанына 150 жыл толуына арналған ғылыми-танымдық конференцияда ҚазҰМА профессоры Раушан Мұсақожаева: «Қорқыт күйлері әлі тірі. Қойлыбай, Молықбай, Ықылас сияқты қобызшылар оның күйлерін халыққа жеткізе білді. Молықбай – қобызшы Қорқыттың артында қалған өлмес мұрасының жалғастырушысы. Біз Молықбайды өз көзімен көріп, оның

күйлерін тыңдап, «Күй» поэмасын жазған Ілияс ағамызға алғысымызды айтамыз. Кеңес заманында Қазақ елінде қалған жалғыз қобызшы осы Молықбай Байсақұлы. Біз оның ұмытылған күйлерін қалпына келтіруіміз керек. Өнер өшпейді. Молықбай ол Паганини сияқты дүлдүл дарын иесі. Паганиниге ескерткіш орнатылған. Елі оны құрметтейді. Ал қобызшыға ескерткіш орнатылмаған. Бұл өкінішті», – деген еді. Енді «ештен кеш жақсы дегендей» бұл олқылықтың орны толғалы отыр.

«Ескерткіш Жансүгіров ауылында Молықбай атындағы мәдениет үйінің алдына қойылады. Биіктігі 2,5 мектр болатын малдас құрып отырған атамыздың бейнесі қоладан жасалады. Ал астындағы тұғырының биіктігі 1,9 метр болғалы отыр. Оны Дарын Даниярұлы басқаратын Данияр Нұрбаев атындағы қор қаржыландырып отыр. Ескерткіш 2026 жылы наурыз не мамыр айында қойылады деп жоспарланып отыр. Қазір оның гипстегі нұсқасы дайындалып жатыр. 150 жылдығы қарсаңында Молықбайға Талдықорғанда көше аты берілген. Ал аудан орталығында әлі күнге Молықбай Байсақұлы атында көше жоқ. Молықбайдың қобызы мен тұрған ауылда болды. Молықбай атамыздың жалғыз ұлы Тілеубек 1942 жылы соғыста қайтыс болған. Оның шаңырағында қалған қобызды атамыздың келіні Адасқан деген апамыз сақтап келген. Кейін Адасқан апамыздан Молықбайдың қобызын Талдықорған педагогикалық институтының ректоры болып тұрғанда Мырзатай Жолдасбенков Үлгілі ауылына барып, сұрап алып Ілияс Жансүгіровтың әдеби музейіне тапсырған. Оған реставрацияны Қазақбаев деген жігіт жасап, інісі Молықбайдың 150 жылдық мерейтойында алғаш рет күй ойнады», – дейді Ақсу ауданы Жансүгіров ауылында тұратын «Бөрібай батыр» қорының төрағасы Берікбол Тасымов ақсақал. Берікбол Төлегенұлының айтуынша, бұл шара 2028 жылы туғанына 170 жыл толғалы отырған Молықбай Байсақұлының мерейтойына дайындықтың басы болғалы отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӘРТҮРЛІ

5. «Азия-Маркет 07» ЖШС (БСН 240140035321) 29.04.2025 жылғы №31 жарияланған хабарландыру жарамсыз деп есептелсін.

7. «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.
Сауда-саттық 11.08.2025 жылы сағат 11:00-де Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй, автотұрақ мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:
1-лот: CADILLAC / ESCALADE, маркалы автокөлік, 2004 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 6,0 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 4 052 800 теңге;
2-лот: Audi A6 маркалы автокөлік, 2012 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,0 л, түсі – ақ , бастапқы бағасы – 7 093 000 теңге;
3-лот: KIA / K7 маркалы автокөлік, 2019 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 3,0 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 8 129 700 теңге.
Аталған мүлік Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:00 аралығында қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қонаев көшесі, 4-үй.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 күн ішінде «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.
Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,Алатау ауданы,Алғабас 1/38 п 58, анықтама телефоны: +7 701 549 98 62, төлем реквизиттері: ИИК KZ376018861000388541, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БИК HSBKZKXK.

**11. ЖАРИЯЛАУ
ТҮРКІЯ РЕСПУБЛИКАСЫ
САМСУН ҚАЛАСЫНЫҢ БІРІНШІ САТЫДАҒЫ
3-СОТ СОТЫНЫ/МИНИСТРЛІКТЕН**
IC №: 2021/874 Herizgi
ЖАУАПКЕР: МЕХМЕТ ЭКСЕЛ (МЕНМЕТ YÜKSEL)-Достық даңғылы. No:105/605 Алматы 0500109822 Қазақстан
Сізге қарсы талап арызыбен көтерілген мемлекет мүддесіне жер телімін алу (құнды анықтау және тіркеу) бойынша жүргізіліп жатқан сот талқылауында;
Талапкердің адвокаты, жауапкердің мүлкіне қатысты, Самсун қаласы Теккекей ауданы Чыракман ауылында 473 квартал/учаске нөміріне тіркелген, жалпы көлемі 1521,54 м2 жер телімі, соның ішінде 81,00 м2 электр тірегінің құрылысын жүргізу және меншік құқығын тану бойынша жер учаскелерінің мемлекет мүддесіне құнын үлестеріне қатысты мөлшерлемесі бойынша анықталуын талап етеді. Бұл талап Түркия Электр Жеткізу Бас дирекциясының (TEİAŞ) атынан жерді мемлекеттік тіркеуге алу мақсатында сотқа жүгініген.
Сот отырысы күні: 18/06/2025 ж. сағат 09:20-да. Сот процесіне жеке қатысуыңыз немесе өзіңізді адвокат арқылы өкілеттендіруіңіз керек. Егер сотқа қатыспасаңыз, Түркияның Азаматтық іс жүргізу кодексінің 3156-бап 213/2-тармағына сәйкес, сот отырысы сіздің қатысуыңызсыз жалғасады. Сот отырысының және талап арызының орнына осы жарияланым арқылы хабарлама табысталды деп саналады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

**12. ХАБАРЛАНДЫРУ
Ыстамбұлдан Анадолы 29-ШЫ БІРІНШІ САТЫДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ СОТЫ
АТЫНАН**
НЕГІЗГІ НӨМІРІ: 2022/154 Herizgi
СОТ ШЕШІМ НӨМІРІ : 2023/238
Біздің сот ісіміздегі талапкер «Birikim Varlik Yonetimi Anonim Sirketi» (Бириким Варлык Йонетими Аноним Ширкети) ұйымы, жауапкерлер Дерья ЙОРДУ, Невин ЙОРДУ және Эмре ЙОРДУ, сот талқылауының тақырыбы – иеліктің күшін жою болып табылады.
Біздің сотымыз тараптарын шығарылған 2022/154 санды, 07.06.2023 жылғы 2023/238 негізгі нөмірлі шешіміне талапкердің сенім білдірген өкілі 10.10.2023 ж. апелляциялық шағым түсірген, және дәлелді шешім мен апелляциялық арызды жауапкер Эмре ЙОРДУ-ның заңды мекенжайы Алматы/ҚАЗАҚСТАН болып табылатындығына байланысты Алматы консулдығы арқылы жіберу туралы шешім қабылданды, Өтінішке жауап хатта пошталық компанияны мекенжайы бойынша табу мүмкін еместігі туралы аннотациямен хабарлау мүмкін болмағандықтан, өтініш-хат біздің сотқа қайтарылды.
Ыстамбұл әуежайының жолаушылар залы кеден бөлімінің E-40734262-349-00092807015 нөмірімен белгісіз күні хатқа қоса берілген хаттамада жауапкер Эмре ЙОРДУ шекараны өтіп, 10/27/2023 күні Қазақстанға ұшып кеткені айтылған, сол себепті мекенжай бойынша хабарлау мүмкін болмағандықтан, сотымыздың 07.06.2022 жылғы 2022/154 және 2023/238 санды шешімімен талапкердің адвокаты берген апелляциялық шағымды қорғау туралы өтінішхатты Қазақстан Республикасында хабарландыру арқылы білдіру туралы шешім қабылданды.
Сотымыздың 06.07.2022 жылғы 2022/154 және 2023/238 санды шешіміне қатысты;
1. Арнайы процессуалдық талаптардың болмауына байланысты іс жүргізуді тоқтату,
2. № 492 «Алымдар туралы» заңға сәйкес алынуы тиіс 179,90 лира көлеміндегі тіркелген алым алдын ала алынған 1,206,00 лирадан шегеріліп, 1,026,10 лира артық шешімді шешім аяқталған кезде және талап қоюшы өтініші бойынша қайтарылуы,
3. Сот процедуралары шығындарын талапкерге қалдыру,
4. Жауапкер өзін адвокат арқылы қорғағандықтан, сот шешімі шығарылған күні қолданыста болған адвокаттың ең төменгі мөлшерлемесіне сәйкес анықталған 9 200,00 түрік лирасы көлеміндегі адвокаттың еңбек ақысын талапкерден ендіріп алу және жауапкерлерге аудару,
No 5-6100 Азаматтық іс жүргізу кодексінің 333-бабына сәйкес, шығыстар бойынша аванстық қалдығы, егер бар болса, сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін тараптарға қайтарылуы туралы шешім қабылданды. Жауапкер Эмре ЙОРДА-ға шешім мен апелляциялық өтініш хабарландыру газетте жарияланған күннен кейін 7 күн өткен соң хабарланды деп есептелетінін, Осы күннен бастап екі апта ішінде біздің соттың No 2022/154 ісіндегі апелляциялық шағымға жауап беруі мүмкін екенін, апелляциялық шағым құқығын қолданытын болса Ыстамбұл болыстың сотына жүгінуі мүмкін екенін хабарлаймыз. 17.01.2024 ж
Бұл құжатқа GfMTeBfH – TK6Eci3 – fqtfhQd –sPfxgE = кодымен http://vatandas.uyar.gov.tr мекенжайы бойынша ұлттық сот желісі порталының ақпараттық жүйесінде қол жеткізе аласыз.

ТАРАТУ

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі түзеу мекемелері жанындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылғаны туралы хабарлайды (БСН 040440001376). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді ауылы, Ленин көшесі, 43.

4. Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің «Иванковка ауылының бастауыш мектебі» КММ (БСН 021140002709) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар:

СҮЙІНШІ

Халықты баспанамен қамтуда жыл сайын бюджеттен қомақты қаржы бөлініп келеді. Кезекте тұрған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымы дамытудың 2023– 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде іске асырылуда. Мәселен, Жамбыл облысында коммуналдық тұрғын үй қорынан пәтер алу кезегіне 40 174 азамат тіркелген. Оның 30 045-і әлеуметтік осал топтағы адамдар.

ЖАМБЫЛДЫҚТАР БАСПАНАЛЫ БОЛМАҚ

Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс басқармасының Тұрғын үй, инженерлік-коммуникациялар және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Дәулет Дайрабаевтың айтуынша, былтыр облыс аумағында 759 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, ондағы өсім алдыңғы жылмен салыстырғанда 104,5 пайызды құраған. Биыл пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 765,0 мың шаршы метр, ал өсім 100,8 пайызды құрайды деп жоспарландуда. Оның 33 пайызы бюджет қаражаты есебінен, 67 пайызы жекеменшік кәсіпкерлер қаражаты есебінен орындалмақ.

«Қаңтар-маусым айларында 317,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда жоспар 102,2 пайызға орындалды. Биыл құрылыс саласына 365,8 млрд теңгеге инвестиция тартылып, құрылыс жұмыстарының көлемін 109 пайызға асыра орындау жоспарланды. Қаңтар-маусым айының қорытындысымен құрылыс жұмыстарының көлемі былтырғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 111,5 пайызға орындалды. Биыл кезектегі азаматтарды әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етуге бюджеттен жалпы 36,0 млрд тенге бөлініп, нәтижесінде 3 445 тұрғын баспаналы болады. Оның 1 505-і әлеуметтік осал топтағылар»,– дейді бөлім басшысы Д.Дайрабаев.

Дәулет Анабекұлының сөзіне қарағанда, биыл 14,5 млрд теңгеге 2 190 пәтерлі 46 көпқабатты тұрғын үйдің

құрылысы жүргізіліп, жыл қорытындысымен 2 030 пәтерге арналған 44 тұрғын үйдің құрылысы аяқталады. Атап айтсақ: Тараз қаласындағы 15-мөлтек ауданында 960 пәтерлі 17 үй, Асқаров көшесінің соңындағы шағын ауданда 800 пәтерлі 4 үй, 14-мөлтек ауданда 800 пәтерлі 22 үй, Сарысу ауданында 90 пәтерлі 1 үй.

Бүгінгі күнге бюджет қаражаты есебінен 420 пәтерлі 8 әлеуметтік тұрғын үй құрылысы аяқталды. Бұдан бөлек, Асқаров көшесінің соңындағы алқабында 1 176 пәтерлі 30 көпқабатты әлеуметтік кредиттік тұрғын үйлердің жобалау сметалық құжаттамалары әзірленіп құрылысын бастау үшін 7,7 млрд тг Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне өтінім ұсынылды. 2025 жылы халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін тұрғын үй сатып алуға республикалық бюджеттен 21,5 млрд теңге бөлінді. Жоспар бойынша оған 1 415 пәтер сатып алынады. Оның ішінде 361 пәтер 4,9 млрд теңгеге республикалық бюджет қаражаты есебінен Тараз қаласынан (140), Талас (35), Байзақ, Меркі, Шу (отыз-отыздан), Қордай (26), Т.Рысқұлов (20), Мойынқұм (10) аудандарынан. Ал облигациялық қарыз есебінен 16 533,5 млн теңгеге 1054 пәтер Тараз қаласы (120) мен Байзақ ауданы (180), Жамбыл (140), Талас (120), Сарысу (120), Шу (110), Т.Рысқұлов (100), Қордай (94), Меркі (60), Мойынқұм (10) аудандарынан сатып алынатын болады.

Қ. ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Лесная көшесі, 7 мекенжайы бойынша екі ай ішінде қабылданады, индекс 020500.

8. «Ломбард Rich Brand» ЖШС (БСН 170640024051) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Талдықорған қаласы, Қабанбай Батыр көшесі, 43-үй, 3-пәтер, тел. 8 777 012 7402.

9. «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі түзеу мекемелері жанындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі КММ (БСН 040840009376) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Спортная көшесі, 1.

БАНКРОТТЫҚ

10. 2025 жылғы 22 шілдеде Алматы қаласының МАЭС ұйғарымымен «VozaVoz Қазақстан» ЖШС (БСН 220340028828) бойынша банкроттық іс қозғалды. Кредиторлар талаптарын уақытша басқарушыға Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 597А, 403-кеңсе мекенжайына жолдай алады, тел. 8 702 350 41 80.

МҰРАГЕРЛІК

2. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 19.09.1972 жылы туылған, 5.01.2024 жылы қайтыс болған азамат Нигметов Жангир Жадгеровичке мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20-кеңсеге хабарласуарыңызды сұрайды.

Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақмола облысының Судьялар қауымдастығы Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық қылмыстық сотының судьясы Сағдат Сапарқызы Сеитоваға анасы

Бибінур Тұрлыбекқызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, оның отбасына, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8(77402)-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ КОДЫ

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтары ұлттың ішкі тұтастығы мен тарихи жадының негізгі арқауы. Елдік сана, салт-дәстүр, ата-баба жолы мен тарихи жады мұның барлығы ұлтты ұлт етіп ұстап тұрған іргелі ұғымдар. Соңғы жылдары жаһандану үдерісінің қарқыны күшейіп, ұлттық бірегейлікке сын күн туа бастаған шақта бұл мәселенің өзектілігі одан сайын артып отыр.

ДӘСТҮР МЕН ТАРИХ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақ руханияты кең ұғым. Оған батырлық эпостар, шежірелер, мақал-мәтелдер, діни-танымдық ұстанымдар, ата-баба аруағына деген құрмет, ру мен елдің тарихы, тіпті ұлттық тағамдар мен киім үлгілеріне дейін кіреді. Алайда бұл бай мұра бүгінгі ұрпаққа қалай жетіп жатыр?

Мәдениеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты Алмагүл Қазбаева бұл мәселеде мектеп пен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін ерекше атап өтеді:

«Балалар ұлттық тарихты тек даталар арқылы емес, кейіпкерлер арқылы, аңыздар арқылы таныса, ол жүрегіне жетеді. Мысалы, «Ер Тестік» пен «Қобыланды батыр» жай ертегі емес, рух пен намыс символы».

Осы орайда Түркістан облысындағы «Ұлттық мұраны ұлықтау» жобасы ерекше назар аудартады. Аталған жоба аясында ауыл мектептерінде этноұйымдастырушы ұстаздар балаларға қазақтың дәстүрлі ойындарын, салттарын, шежірені үйретіп келеді. Балалар шынайы ортада киіз үй тігіп, қамшы өріп, қонақ күту әдебін меңгереді. Бұл рухани тәрбиенің нақты көрінісі.

Алматы облысының Кеген ауданындағы Қарқара ауылында жыл сайын өтетін «Қы-

мызмұрындық» этнофестивалі де жастарды ұлт құндылықтарына тартудың заманауи тәсіліне айналды. Мұнда мектеп оқушылары мен студенттер жылқы күтімі, бие сауудың мәні мен маңызын біліп, ұлттық асханамен танысады. Ауыл ақсақалдары жастарға ата-баба жолын насихаттайды.

Мұндай жобалар бір реттік акция емес, жүйелі түрде ұйымдастырылса, олар ұлттық бірегейлікті бекемдеудің нақты тетігіне айналар еді. Өкінішке қарай, көптеген аймақта ондай бастамалар бір жолғы шарамен шектеліп жатады.

Мемлекет тарапынан рухани мұраны қорғау мен дамыту бағытында түрлі бағдарламалар қабылданған. «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры»-сынды ірі жобалар аясында көптеген құнды еңбек жарық көрді. Бірақ бұл жобалардың жергілікті деңгейдегі көрінісі мен нәтижесі әрқилы.

Сондықтан қазақ руханиятын бүгінгі қоғаммен, жас ұрпақпен сабақтастыру барлық білім беру, мәдениет және БАҚ саласы үшін ортақ міндет. Ұлттық құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жалғасқанда ғана өміршен.

Самал АСҚАР

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

АЛАКӨЛ МАҢЫНДА ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢАРДЫ

Алакөл жағалауындағы демалыс орындарына жаңа «Ақши» қосалқы станциясына электр жарығы беріле бастады. Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі мәліметінше, жағалауды электрмен үздіксіз жабдықтау үшін Бескөлден Ақшиге дейін жоғары вольтты электр беру желілері салынып, жаңа «Ақши» қосалқы станциясының құрылысы жүргізілген. Алакөл аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Айдар Әбішев:

– Демалыс орындары заман талабына сай қажетті құрал-жабдықтарды тұрақты пайдаланғандықтан, ескі желі электр қуатының ауқымды жүктемесін көтере алмай жиі

сөнетін және электр қуатына деген тапшылық байқалған. Осы мәселені шешу үшін Бескөлден Ақшиге дейін 56 шақырым 110 КВт электр желісі тартылып, қосалқы станция салынды.

Жоба жоспар бойынша келесі жылы аяқталуы керек болатын, бірақ мердігер компания жұмысты қарқынды жүргізіп, биылғы демалыс кезеңіне дейін 4-6 маусымнан бастап демалыс аймақтарына жаңа желіден электр қуатын берді. Қосалқы станция 32 МВт электр қуатын шығарады, ал қазіргі қажеттілік 10 МВт құрап отыр, яғни жаңа желінің қуаты болашаққа есептелген, – дейді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
Жетісу облысы

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында 55 ерекше қажеттілігі бар баланың құқығы бұзылған. Анықталған заңбұзушылықтар психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті қызметін тексеру кезінде аудан прокуратурасының назарына іліккен.

Маңғыстау облыстық прокуратурасы мәлім еткендей, балалардың бірі үшін дефектолог, логопед, психолог, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы мен массажистің көмегі қажет деп танылғанымен, ол бала қажетті сүйемелдеусіз қалған. Оған жеке даму бағдарламасы жасалмаған, сабақтар жоспарланбаған және өткізілмеген. Тексеру қорытындысы бойынша мекеме басшысы әкімшілік жауапкершілікке, ал орынбасары тәртіптік жазаға тартылған.

А.МӘУЛЕНБАЙ
Маңғыстау облысы

АЙНАЛМА ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Семей қаласын айналып өтетін жол құрылысын 2028 жылға дейін салу жоспарланып отыр. Жоба қазақ-қытай кәсіпорындарының бірлескен консорциумы негізінде биылғы тамыз айында басталады. Жоспар бойынша жол 2028 жылға дейін салынып бітуі тиіс.

– Облыс әкімі Берік Уәли мен «China Railway Asia-Europe

Construction Investment Co.LTD» компаниясының бас директоры Чжоу Хайвэй Семей қаласын айналып өтетін автожол құрылысын жүзеге асыруға бағытталған келісімге қол қойды,– деп хабарлады Абай облысы әкімдігінен.

Е.КЕБЕКБАЙ
Абай облысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
8775733565
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК АУЫР

ҚР ИМ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің дерегінше, 2025 жылдың басынан бері елде 11 мыңнан астам киберқылмыс тіркелген. Бұл туралы департамент басшысы Жандос Сүйінбай ресми түрде мәлімдеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ішкі істер министрлігінің құрылымында өңірлік бөліністері бар арнайы киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті құрылды. Бұл құрылым тек интернет алаяқтықты ашумен ғана емес, оның алдын алу, ұйымдастырушылық және заңнамалық реттеу шараларымен де айналысады. Полиция 74 sim-box құрылғысын және тіркелмеген 88 мыңнан астам sim-карта тәркіледі. Бұл деректерге қатысты 30 адам ұсталды, оның ішінде 14-і – шетел азаматтары. Интернет-кеңістікке тұрақты мониторинг жүргізу нәтижесінде заңға қайшы мазмұндағы 59 мың интернет-ресурс анықталып, бұғаттауға жолданды. Жыл басынан бері 870 адам интернет-алаяқтық үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. «Антифрод-орталығы» арқылы банктермен бірлескен жұмыс нәтижесінде азаматтардан ұрланбақ болған 2,6 млрд теңгеден астам қаражаттың шығарылуына жол берілмеді. Полиция байланыс операторларымен бірлесіп 66,9 млн жалған қоңырауды бұғаттады. ИІМ мамандарының айтуынша, интернет-кеңістігінде күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз адамдардан келген хабарламаларға банк деректерін бермеу, ресми емес сайттарда жеке мәліметтерді қалдырмау – қарапайым, бірақ тиімді қорғаныс тәсілдерінің бірі. Мамандар әсіресе Telegram, WhatsApp сияқты мессенджерлерде таралатын жалған жарнама мен инвестициялық ұсыныстарға назар аудару қажет екенін ескер-

теді. Мұндай хабарламалар арқылы азаматтар өз мәліметін беріп, алаяқтардың тұзағына түседі. Киберқылмысқа қатысты нақты жауапкершілік ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген. Атап айтқанда, 274-бап – «Көрінеу жалған ақпарат тарату» бабы бойынша қоғамдық тәртіпке немесе азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде кінәлі тұлғалар 3 – 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, «Онлайн платформалар және онлайн жарнама туралы» заң аясында әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстардағы контентке бақылау күшейтілді. Бұл – халықты манипуляциядан, алдаудан және заңсыз жарнамалардан қорғауға бағытталған шаралардың бірі.

Бүгінгі қоғамда интернетті қауіпсіз пайдалану мәдениеті қалыптаспаған жағдайда, ең заманауи технологиялар да жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан тек мемлекеттік құрылымдардың емес, әрбір азаматтың да киберқауіптерге қарсы иммунитеті болуы қажет. Бұл – цифрлық сауаттылықты арттыру, өз деректерін қорғау, күмәнді ақпарат пен сілтемелерге сенбеу, кибергигиена ережелерін сақтау арқылы ғана жүзеге асады. Сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік – бұл шекарасы жоқ сала.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

Астана қаласындағы «Қазанат» ипподромында алғаш рет «BaiQymyz – бапталған қымыз ұлттық тағамдар гастрофестивалі» атты мәдени-аграрлық іс-шара өтті.



ЕҢ ҮЗДІК ҚЫМЫЗ ӨНДІРУШІЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Ол халқымыздың дәстүрлі тағам мәдениетін, соның ішінде қымыз өндіру дәстүрін жаңғыртып, оны халықаралық деңгейге ілгерілетуге бағытталған. Өйткені Қазақстанда қазір жылқы саны 4,8 млн-ға жеткенімен, сусындар өндіретін 55 кәсіпорынның арасында өндірістік жолмен қымыз өндіретіні санаулы ғана. Ал жеке қожалықтар мен фермерлік шаруашылықтарда өндіретін маусымдық өнімнің көлемі шектеулі. Сондықтан нарықтағы ірі сауда орталықтарының сөресі әрдайым импорттық қымыздан босамайды.

Алайда Ұлттық құрылтайдың мүшесі, кәсіпкер Сырымбек Тау нарықта «балқымыз» деген атпен сатылып жатқан импорттық өнімдердің қымызға үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын айтып, оларды табиғи өнім деп санамайтынын жеткізді. Сарапшылар сапасы күмәнді мұндай импорттық өнімдердің кейбірі жылқы емес, сиыр сүтінен жасалатыны және құрамындағы спирт шекті мөлшерден жоғары болғандықтан оны балалар мен жасөспірімдердің қолдануына болмайтынын

да ескертуде. Осыған қарамастан әзірге оларға ресми органдар тарапынан ешқандай шектеу қойылған жоқ. Сол себепті дәстүрлі түрде жер-жерде өткізіліп келе жатқан «Қымызмұрындық» шарасының қатарына «BaiQymyz – бапталған қымыз ұлттық тағамдар гастрофестивалінің» қосылуы өндірушілер үшін де, қарапайым тұтынушылар үшін де үлкен жаңалық болды.

Алғашқы гастротивальге 50-60 мың адам қатысты. Онда әр өңірден 50-ге жуық қымыз өндіруші қатысқан бұл шара болашақта Октоберфест сияқты халықаралық үлгідегі мәдени-аграрлық брендке айналады деген болжам бар. Қонақтар мұнда екі күн бойы қымыздың түр-түрінен дәм татып, жылқы тұқымдары таныстырылатын көрмені тамашалап, этно-мәдени бағдарламаларға қатысты.

Фестивальдің ерекше жұлдесі – «Ең үздік қымыз» атағы үшін болған байқауда Абай облысы Абай ауданы Саржал ауылының «Жаныс» шаруа қожалығы 1-орын алып, 20 млн теңге көлеміндегі қаржылай жүлдеге ие болды. Екінші орынды Қарағанды

облысының Қарқаралы ауданындағы «Қарыншы» шаруа қожалығы (15 млн теңге) алды. Ал үздік үштік-ті Ақмола облысы Бұрабай ауданының «Қымызынай» деген өнімі (10 млн теңге) иеленді. Бұл байқаудың негізгі мақсаты – еліміздегі ең сапалы әрі шипалы қымызды анықтау. Қымызды денсаулық пен қонақжайлылықтың символы ретінде таныту, сонымен қатар агротуризм мен жылқы шаруашылығын дамытуға серпін беру болатын. Жылқы көрмесінде қазақтың байырғы жылқы тұқымдары – Жабы, Көшім, Қостанай, Мұғалжар, Адай және спорттық бағыттағы аттар көпшілік назарына ұсынылды. Қолөнер шеберлері ертоқым, қамшы, ат әбзелдері сияқты тарихи бұйымдарын жұртшылыққа таныстырды.

Фестиваль аясында ұйымдастырылатын ғылыми конференцияда қымыздың емдік қасиеттері, жылқы шаруашылығы мен дәстүрлі мал шаруашылығының даму болашағы талқыланды. Онда Германия, Ресей, Қырғызстаннан келген ғалымдар, дәрігерлер, ветеринарлар мен кәсіпкерлер баяндама жасады. Қатысушылар арасында Германиялық жылқы шаруашылығы маманы Ханс Цольман, медицина ғылымдарының докторы Бақытжан Бимбетов, этнограф Айгерім Мұсағажинаова және басқа да сарапшылар болды.

Шеберлік сабақтар барысында қатысушыларға қымыз дайындау, сақтау, ашыту, сондай-ақ оны капсула түрінде өндірудің заманауи әдістері таныстырылды. Сонымен қатар, тері илеу, ат әбзелдері мен тұрмыстық бұйымдарды жасау бойынша қолөнер шеберлері өз білімімен бөлісті. Бағдарлама шеңберінде аударыспасқ, асау үйрету, құмай тазы сайысы, шалма салу сынды ұлттық спорт түрлерінен өткен жарыстарды мешкейлер сайысы мен жілік сындыру секілді ерекше шаралар одан ары қыздыра түсті. Сол себепті BaiQymyz – бұл тек қана қымыз мерекесі емес, бұл – халқымыздың салты мен тағам мәдениетін насихаттауға, ауыл шаруашылығы мен туризм саласын дамытуға серпін беретін маңызды бастама ретінде де жұртшылық ықыласына ие болды.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31